

Бүгінгі дарын – ертеңгі дана
3-бет



Баянды болашаққа байсалды қадам
6-бет



Маэстро есімі ескерілсе...
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
ORTALYQ QAZAQSTAN
Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 15 МАУСЫМ, 2024 ЖЫЛ №66 (23 388)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Құрметті медицина қызметкерлері мен сала ардагерлері!

Сіздерді медицина қызметкері күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл күні біз күндіз-түні халықтың денсаулығына қамқорлық жасап, өмірімізді сақтап жүрген ақ халатты абзал жандарға ризашылығымызды білдіреміз. Сіздердің жаңқиярлық еңбектеріңіз бен мамандықтарыңызға аялдықтарыңыз – бәрімізге үлгі.

Сіздер өз қызметтеріңізді атқара жүріп, күн сайын адам жанын ажалдан арашалап, ел ізгілі жолында еңбек етесіздер. Жалынды күш-жігерлеріңіздің арқасында көптеген азамат толыққанды өмір сүруге мүмкіндік алады.

Бүгінде облысымызда денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілуде, жаңа ауруханалар салынууда. Ауылдық жерлерде дәрігерлердің жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасалып, тұрғын үй мен көтерме төлемдерді беру қарастырылған. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады.

Медицина қызметкерлері күні – жалпыхалықтық мереке. Осы орайда барлық дәрігерлерге, медбикелер мен фельдшер, санитарларға зор денсаулық, отбасыларына бақыт, шаңырақтарына бақ-береке тілейміз!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ, Қарағанды облысының әкімі, Нұркен ҚОБЖАНОВ, Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

Құрметті жерлестер!

Сіздерді Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Бұл – ізгілік пен жақындығын жанапшылық пен қамқорлық танытуға, игі істерге үнемі ерекше мән берілетін мереке.

Құрбан айт бізді бірлікке, өзара сыйластық пен достыққа шақырады. Бұл жарқын мереке әр үйге бейбітшілік пен амандық әкелсін.

Сіздерге және жақындарыңызға шын жүректен зор денсаулық, өркендеу және барлық бастамаларыңызға сәттілік тілейміз!

Құрбан айт құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ, Қарағанды облысының әкімі, Нұркен ҚОБЖАНОВ, Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

Реформаның ұштағаны: жасампаздық пен жаңғыру жолы

Барша қауымға белгілі, жалпы жұртқа жария бір ақиқат бар. Еліміз кейінгі бес жылдың бедерінде мүлде өзгеріп, билік құрылымынан бастап қоғамдық-саяси санаға дейін түбегейлі жаңғырып жатыр. Бұл жаңғыру батыл қадамдарға, байыпты шешімдерге табан тірейтіні сөзсіз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған сол саяси бағдар жөнінде тарқатып айтқан жөн болар.

Әділеттілік – қоғамның жаңа қағидасы
Мемлекет – аса күрделі құрылым. Оны реформалау және қандай да бір өзгеріске әкелу – қиынның қиыны. Мұны жүзеге асыру үшін халықты ұйыстыратын алып идея қажет екені айтпаса да белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биікке келген тұста қоғамның мұндай идеяға деген сұранысы аса жоғары еді. Президент ұсынған «Әділдік» феноменінің бірден ел идеологиясының тұтқасына айналуы – осының айғағы.

«Әділдік» ұғымы ұлттық реформалардың басты ұранына айналды. Бұл ұстаным ауқымды өзгерістердің ұштағаны саналатын саяси, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық сана реформасының өзге ретінде берік бекіді.



Сонымен қатар, бұл өзгерістерді нақты идеяны арқау еткен, түпкі мұраты айқындалған байыпты бастама ретінде қабылдаған абзал.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Президент лауазымын қолға алғаннан бері іске асқан саяси реформалардың түпкі мазмұны

елдегі демократия институттарын дамытуды көздейді. Бұл – саяси жүйені жаңғыртуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын

қорғауға, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға негіз болды.

► 2-бет

• ҚҰРБАН АЙТ-2024

Барша мұсылманның ұлық мейрамы

Күллі мұсылман қауымы асыға күтетін, қасиетті Құрбан айт мейрамы да жетті. Ұлық мерекеге орай Қарағанды облысы бойынша бас имам Естай Айтұғанұлы орталық «Әдет баба» мешітінде Құрбан айт мерекесіне қатысты журналистермен брифинг өткізді.



Бас имам құрбан шалу рәсіміне арналған мал сою орындарын тазалық талаптарына сай дайындауды, арнайы штаб құрып, елдің аманатын тиянақты атқаруды, мейірімділік пен қамқорлыққа үндейтін ұлық мерекенің қадір-қасиетін және қандай игі амалдар атқаруға болатыны туралы баяндады.

Сонымен қатар, Құрбан айт мейрамында жасалатын амалдарға байланысты уағыз-насихат айтылып, жамағаттың тарапынан туындаған сұрақтарға жауап берілді.

Биыл Құрбан айттың бірінші күні 16 маусым, жексенбіге сәйкес келеді. Құрбан айт мерекесін атап өтуге байланысты Қарағанды әкімдігі құрбандық шалу орындарын белгіледі.

Арнайы мал сою пункттері Резник көшесі, 18 («Абишева А.О.» ЖК) Гоголь көшесі, 2/23 («АРАЙ

KZ» ЖШС) С.Сейфуллин көшесі, 53 («Хасенов» ШҚ) мекенжайларында орналасқан. Аталған орындар ветеринарлық қызметтің ветеринариялық-санитариялық қорытындысын алған мал сою пункттері екенін атап өткен жөн.

Құрбан айт намазынан кейін үш күн ішінде жағдайы келген мұсылманға құрбандық шалу – міндет. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Раббыңның разылығы үшін намаз оқы және құрбандық шал» («Қау-сар» сүресі, 2-аят) деп бұйырған.

Алла Тағала елімізге амандық, жұртымызға тыныштық бергей. Ізгі ниетпен шалатын құрбандығымыз, қажылық сапарында жүрген отандастарымыздың қажылығы қабыл болсын!

Өз тілшімізден

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЕРТЕҢ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Дәрігерлер баспаналы болды

Қарағанды – кадр жетіспеушілігін, оның ішінде, медицина қызметкерлеріне деген сұранысты онтайлы шешіп отырған облыстың бірі. Мәселен, өткен жылы аталған сала қызметкерлері күні қарсаңында тың бастаманы қолға алып, ауылдық жерлерге жіберілетін медицина қызметкерлеріне 1,5 млн. теңгеден 5 млн. теңгеге дейін сертификаттар табыстаған болатын. Ал, биыл жас дәрігерлерге баспана бұйырды.

Салтанат ГЛИЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтқанда, облыстық балалар клиникалық ауруханасының ескі ғимараты қайта жөндеуден өтіп, «Медицина үйі» аталған болатын. Дал осы үйден 94 жас маман қызметтік пәтер кілтін алды. Тұрғын үй дәрігерлер арасында 12 медициналық ұйымға бөлінді.

Қоныстанушыларды Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова мен аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев құттықтады.

– Кәсіби мереке қарсаңында осындай тамаша шараға жиналды. Мен кілт тапсыруға арнайы келдім. Бүгін біз денсаулық сақтау қызметкерлеріне қандай әлеуметтік қолдау көрсететінін көріп отырмыз. Көп мәселені шешімін табуы әрине, облыс әкімдеріне байланысты. Сіздің аймақтарыңызда дәрігерлерге осындай қолдау көрсетілетінін қуантады. Жаңа пәтерлерге бақыт орнасын! – деді қоныстанушыларды құттықтаған Ақмарал Әлназарова.

Министр сондай-ақ, аймақта атқарылып жатқан игі бастамаларға да тоқталды. Соның бірі – ауыл медицинасын көтеру үшін салынып жатқан 155 нысан. Олар екі жыл



шамасында пайдалануға толық беріледі деп күтілуде.

Өңірде медицина саласының қызметкерлерінің жағдайын жақсарту әрі кадр тапшылығын шешу мақсатында бұдан бөлек тағы басқа да жобалар қолға алынған. Сол жобаның бірі – сала мамандарын баспанамен қамту. Ал, баспана мәселесі шешілсе, кадр тапшылығы да жойылмақ. Бүгінде біртіндеп шешімін тауып келеді. Қызметтік пәтермен қамту осымен тоқтап қалмайды. Жыл соңына дейін тағы сала мамандары қоныстойын тойламақ.

– Құрметті медицина қызметкерлері, еңбектеріңіз үшін зор алғыс айтамыз. Президент жергілікті әкімдіктерге сіздерге барлық жағдай жасауды тапсырды. Осы ретте биыл біз 220 пәтер береміз. Дәрігерлерді тұрғын үйге қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғасады. Сіздерге денсаулық және жаңа баспанада тек шаттық тілейміз! – деді аймақ басшысы.

«Медицина үйіндегі» пәтерлердің жартысы – бір бөлмелі, екіншісі – екі бөлмелі. Барлық үй жөндеуден өткізілген. Жиһаз, қажетті тұрмыстық техника да бар.

Қызметтік пәтер иегерлерінің бірі – №3 көпсалалы аурухананың анестезиолог-реаниматологы Онласын Тоқаев және Jusan Med емханасының онкологы Жазира Науканова.

– Пәтерлер жайлы және жарық. Көптен бері өз үйімізді армандадық, 2023 жылдың қазанында отбасын құрып, пәтер жалдап тұрдық. Жас мамандардың бюджеті үшін бұл қымбатқа түседі. Қуанышымызда шек жоқ. Алаңсыз жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Тағы бір артықшылығы – қала орталығында орналасқандығы. Арманымызды жүзеге асырған мемлекеттік органдарға рахмет, – деді Онласын Тоқаев.

Айта кету керек, бұған дейін Бұқар жырау ауданы Доскей ауылындағы жөндеуден өткен үйде 40 медицина қызметкерінің отбасына қызметтік тұрғын үй берілген болатын. Ал, биыл ауылдық жерлерге баратын медициналық қызметкерлер 8,5 млн. теңгеден алады.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• РЕСМИ

Қор биржасы мәлімдейді

Мәскеу қор биржасы (MOEX) АҚШ-тың санкциясына ұшырады және осыған байланысты доллар және еуро саудасын тоқтатты. MOEX – Қазақстан қор биржасының (KASE) акционері болғандықтан, санкциялар Қазақстан экономикасына қалай әсер етеді деген сұрақ туындайтыны заңды. Осыған байланысты Қазақстан Ұлттық Банкінің төрағасы Тимур Сүлейменов енгізілген санкциялардың қалай әсер ететінін түсіндірді.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– KASE-де қандай да бір өзгерістер болады деп ойламаймыз. Себебі, бүгінде Мәскеу қор биржасының KASE-дағы үлесі – 13%. Санкциялар 50% немесе одан да көп мөлкі ететіндерге қолданылады, – дейді Тимур Сүлейменов.

Одан бөлек, санкцияның валюта саудасына да айтарлықтай әсері бола қоймайды. Өйткені, Ресейде биржадан басқа рубль/доллар жұбы қатар сатылатын түрлі алаңдар бар.

– Ресейдің Мәскеудегі валюта айырбастау пункттерінде бір доллар 200 рубльге дейін көтерілді. Мұндай жағдай нақтылық пен сенімділік болмаған кезде орын алады. Бірақ, рубль өз деңгейінде. Жалпы, рубльдің, теңгенің бағамына мықты экономика мен төлем балансы әсер етеді, – деді Тимур Сүлейменов.

MOEX АҚШ-тың санкциясына ұшырағанына қарамастан, Қазақстан қор биржасы мен KASE клирингтік орталығы штаттық режимде жұмысын жалғастырады. «Сауда-саттық, клиринг және есеп айырысу стандарты регламентке сәйкес жүргізілмек» деп мәлімдеді Қазақстан қор биржасының баспасөз қызметі.

Санкцияға қарамастан, KASE шектеулерді ескере отырып, Мәскеу қор биржасымен іскерлік қатынастарды жалғастыруды қарастырады.

Ұлттық Банк теңге бағамы өзгеріссіз қалады деп отыр. Сарапшылардың да болжамы – оң.

Реформаның үштағаны: жасампаздық пен жаңғыру жолы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Саяси реформалар туралы сөз қозғалғанда Конституцияны өзгертуге бағытталған жалпұлттық референдум туралы атап өту – заңдылық. Бұл ретте Президенттің өзгерісті әркім өзінен бастауы керек деген ұстанымы жалпыға бірдей үлгі болғаны анық. 2022 жылы енгізілген Конституциялық өзгерістердің басты жаңалығы – Президенттің өкілеттігін бір мерзіммен шектеу туралы шешім. Бұл «Әділдік» феноменінің нақты орындалғанын көрсетті.

Сондай-ақ, референдум аясында Парламенттің рөлін күшейту және құқық қорғау органдарының қызметін жақсартуға бағытталған шаралар қолға алынды. Бұл реформалар саяси жүйенің тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға және халықтың билікке деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етіп, демократиялық институттардың нығаюына ықпал етеді. Мемлекет басшысының саяси реформаларының тағы бір тармағы саяси партияларды тіркеуді жеңілдету болды. Бұл өзгеріс саяси аренада жаңа партиялардың пайда болуын жеңілдетіп, саяси әралуандыққа жол ашты.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі де айтарлықтай өзгеріске бет алды. 2021 жылы алғаш рет ауыл әкімдері тікелей сайлау арқылы сайлана бастағанын білесіздер. Бұл қадам жергілікті мәселелерді тиімді шешуге және азаматтардың өз өңірлеріндегі басқару үдерісіне белсенді араласуына мүмкіндік береді.

Саяси трансформацияның тағы бір маңызды бөлігі – Парламенттің рөлін күшейту туралы шешім. Парламенттің атқарушы билікті бақылау функцияларын күшейту арқылы заңнамалық органның ықпалы артты деуге толық негіз бар.

Президент ұсынған саяси реформалардың бір жаңалығы – адам құқықтарын қорғауға бағытталған шаралар. Мемлекет басшысы адам құқықтарын қорғау механизмдерін жетілдіретін және азаматтық қоғамды дамыта түсетін қолдау шараларын енгізді. Конституциялық сот қайта қалпына келтірілді. Заңдылықты қадағалайтын прокуратура мен Адам құқығы жөніндегі уәкіл конституциялық мәртебеге ие болды. Бұл қадамдар халықаралық стандарттарға сай келетін құқықтық жүйені қалыптастырды.

Аталған реформалар елдің саяси жүйесін жаңғыртуға, қоғамның саяси өмірге белсенді қатысуын



қамтамасыз етуге, сондай-ақ билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтауға жол ашты. Түптеп келгенде, бұл ауқымды шаралар Әділетті Қазақстанның нықтануына мүмкіндік берді.

Әлеуметтік-экономикалық реформалар

Қасым-Жомарт Тоқаев елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында да ауқымды реформалар жүргізіп келеді. Бұл – қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға, экономикалық өсімді қамтамасыз етуге және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған.

Президент Тоқаевтың бағамымен Конституцияға концептуалды өзгеріс енгізілді. Яғни жер мен оның қойнауындағы байлық халықтың меншігі ретінде айқындалды. Бұл қағида әлеуметтік саясаттың тірегіне айналды.

Нақты дәлел: «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама арқылы еліміздегі әр балаға Ұлттық қордан қаражат бөліне бастады. Бұл шараның түпкі мақсаты – әлеуметтік теңсіздікті азайтып, балалардың өмір сүру жағдайын жақсарту. Бағдарлама өскелең ұрпаққа инвестиция салып, олардың білім алуына, денсаулығын жақсартуға және өмір сүру деңгейін арттыруға мүм-

кіндік беруге тиіс.

Шағын және орта бизнесті қолдау жұмыстары да артты. Бизнесті тексеруге үш жылға дейін мораторий жарияланды. Заңсыз алынған активтерді елге қайтарып, экономикалық айналымға түсіре бастады. Еліміздің логистикалық хабқа айналдыру жөнінде ауқымды міндеттер қойылды. Соған сәйкес инфрақұрылымды дамытудан бастап, қалыптасқан жүйені цифрландыру жұмысын қарқынды жалғастыруға айрықша мән беріліп отыр.

Президент индустрияландыру және инновацияларды дамытуға үлкен мән береді. Осы бағытта экономиканың әртарап- тандырылуы және жаңа технологияларды енгізу мемлекеттің маңызды міндеттеріне айналды. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламалары арқылы өндіріс орындарын құру, ғылым зерттеулерді қолдау және жоғары технологиялық салаларды дамыту көзделіп отыр. Цифрландыру саясатын жаңғыртып, бұл бағыттағы жетістіктерімізді еселеуге жаңа мүмкіндіктер жасалып келеді.

Бұрын назар аударылмаған энергетикалық, инженерлік жүйені түбегейлі жаңарту бағамы қолға алынды. Ұлттық қауіпсіздік, халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін бұл

сала ондаған жыл бойы қараусыз қалып келгені ешкімге жасырын емес. Мемлекет басшысы бұл олқылықтар түзелмей тұрмыс түзелмейтінін жақсы біледі және білгендіктен нақты шешімдер қабылдап келеді.

Әлеуметтік серіктестік қағидалары да – ерекше тоқталуды қажет ететін тақырып. Еліміз еңбек қатынастарын реттеу, жұмысшылардың құқықтарын қорғау және еңбек жағдайларын жақсарту мәселелерін айтарлықтай күшейтті. Әлеуметтік серіктестік аясында жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы диалогты нығайту, еңбек құқықтарын қорғау және өндірістік дауларды шешу тетіктерін жетілдіру маңызды орын алады.

Әлеуметтік саланың әуелгі тірегі саналатын денсаулық сақтау және білім жүйесі де түбегейлі реформаға ұшырады. Аталған сала мамандарының жалқысын екі есеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды. Бұл білікті мамандардың салаға келуіне жаңаша серпін бергені сөзсіз. «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Ғылымның дамуына айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Ұлттық ғылым академиясы өзінің тарихи тұғырына қайта қонды.

Алдағы уақытта жоғарыда біз атап өткен әділеттілікке негізделген әлеуметтік және экономикалық саясат қағидамыз – еліміздің қуатының, халқы-

мыздың әл-ауқатының негізгі сенімді күші болып қалатыны даусыз.

Қоғамдық сананың серпілісі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың күллі реформасының өзегінде «Заң мен Тәртіп» ұстанымы тұр. Шын мәнінде «Әділдік» феномені осы екі түсінік үстемдік кеселдерден тағдыр жая алмай анық.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның «Заң адам үшін жазылады. Адам заң үшін тұмайды» деген сөзі бар. Еліміз қабылдаған қабырғалы құжаттар ең әуелі азаматтарымыз, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, оларды кертартпа қоғамдық кеселдерден сақтау үшін жазылған.

Бұл ретте елімізде синтетикалық есірткі саудасын, құмар ойын жарнамасын, тұрмыстық зорлық-зомбылықты, браконьерлікті ауыздықтайтын бірқатар заң қабылданды.

Мұның бәрі Әділетті Қазақстанды тұғырына шығарып, нық орнатуға бағытталған қадамдар. Түбегейлі реформалар өз миссиясын орындады. Бірақ реформаларды жүзеге асыру – бір бөлек, оны орнықтыру – бір бөлек дүние. Бұл үшін қоғамдық сана да жаңғыруға тиіс.

Президентіміз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын жаңа құндылықтар тізімін, яғни «Адал азаматтың» бейнесін айқын көрсетті. Бұл не үшін қажет? Қоғамдық ұстанымдар мен қолдау негізінде оң бағыттағы реформалардың іске асуы және берік орнығуы үшін қажет. Себебі адал азамат – ескі жүйеге оралмаудың кепілі, әділеттілік құндылықтарының қорғаны.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көшбасшылығымен еліміз бес жылдық еңсерді. Бұл ұзақ жылдар бойы сірескен саяси жүйені серпілтіп бес жыл болды. Қордаланған әлеуметтік мәселелердің түйінін шешкен бес жыл болды. Экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету үшін батыл ұмтылыс жасаған бес жыл болды. Ең бастысы, қоғам жылдар бойы күткен әділеттілікті төрге оздырған бес жыл болды. Бұл бес жыл алдағы жетістіктеріміздің жолашырына айналатыны анық.

Берік УӘЛІ,
Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі – Президенттің Баспасөз хатшысы

egemen.kz

Орманды қорғау – ортақ іс

Жаз келіп, аптап ыстықтың лебі сезіле бастағанда жайқалып тұрған ормандарымыздың жағдайы алаңдатады. Осы орайда аймағымыздағы ормандарды қорғау шаралары күшейтілуде. Облыстық бюджеттен «Қарағанды орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі шаруашылық» коммуналдық-мемлекеттік мекемесін жаратқандыруға қажетті қаражат бөлінген.



Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев аталған кәсіпорынға барып, жасалған жағдайлармен танысты.

Нақтырақ айтсақ, табиғатты қорғаушы мамандар заманауи техникамен және қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіл-

ген. Патрульдік және өрт сөндіру көліктері, екі су таситын көлік пен басқа да техникалармен жабдықталған. Тіпті, далада жұмыс істеу үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін мажандандырылған тұрмыстық машина да бар.

– Материалдық-техникалық база толық жасақталған. Биыл жедел топтың ұзақ сапарларына арналған машина, қайық сатып алынды, – дейді орманды қорғау жөніндегі инженер Темірлан Елубаев.

Шаруашылықтың қара-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Жылыту маусымына дайындық жүйелі



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

мағында 27 мың гектар табиғи аумақ бар. Оның жартысына жуығы – орман алқаптары. Браконьерлікпен күрес те қызметкерлердің міндетіне кіреді. Штатта 100 орманшы және жедел-инспекторлық топтың 18 қызметкері жұмыс істейді.

Мұндағы ең басты міндеттердің бірі – орман өртінің алдын алу. Облыс аумағында 51 өрт сөндіру бекеті жұмыс істейді. Алдағы екі жылда тағы 15 өрт сөндіру бекетін құру жоспарланып отыр.

Былтыр қосымша бес жаңа орман өрт станциясы ашылған. Биыл тағы біреуі – Шахтинск орман шаруашылығы аумағында салынууда.

Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаменті бастығы Мұрат Қатпановтың айтуынша, барлық орман шаруашылығы жүз пайыз қамтамасыз етілген.

Олардың жұмысына қажетті арнайы техника және 400-ден астам түрлі жабдықтар сатып алыныпты.

Бұдан бөлек, Ермағанбет Бөлекпаев аймақты қогалдандыру үшін көшеттер өсірілетін Қарағанды орман тұқымбағына да ат басын тіреді.

Өз тілшімізден
Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жаздың алғашқы айы да орталап қалды. Көзді ашып, жұмғанша күз келеді. Ал, Шахтинск жылу электр орталығының қысқа дайындығы да аймақ басшысының және энергетикалық қадағалаудың тұрақты қадағалауында. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев кезекті рет станцияға барып, алдағы жылыту маусымына дайындығын тексерді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы станция басшылығы мен жөндеуге жауапты мердігерлердің есебін тындады.

– Үшінші қазандықта жөндеу-монтаждау жұмыстары толық аяқталды. Турбина учаскесінде де жұмыстар мәреге жетті. Тұрғындарға жылу беру сапасына әсер ететін төрт қазандық ашылып, бөлшектелді. Қазіргі уақытта құбыр байламдары жасалуда. Бұл өз кезегінде алдағы жылыту маусымында жылу энергиясының жақсы өндірілуіне септігін тигізеді. Жұмыскерлер жеткілікті, белгіленген кестеден артта қалу жағдайы тіркелген жоқ, – деді «Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС техникалық директоры Абылай Сейдүәлі.

Сонымен қатар, Шахтинск қаласында орамшылқ және магистральдық жылу желілердің проблемалық учаскелері ауыстырылып жатыр. Құбырларда жылу оқшаулағыш материалдар қалпына келтіріледі. Мұның бәрі жылу сапасын жақсартуға әсер ететіні ақиқат.

Ермағанбет Бөлекпаев жұмыстың мерзімінде аяқталуын ғана емес, сапалы атқарылуын да мұқият бақылауды тапсырды. Сонымен қатар, Шахтинск жылу электр орталығының дайындығын бақылау алдағы уақытта да жалғасатынын атап өтті.

– Жылыту маусымына дайындықты уақытылы жүргізіп, қысқа сақандай сай тұру – заман талабы. Өйткені, Арқаның қысы – ұзақ. Сондықтан да бұл мәселе аймағымыздағы ең өзекті мәселенің бірі, – дейді Шахтинск қаласының тұрғыны Еркін Темірғалиев.

Бүгінгі дарын – ертеңгі дана

Аймақтың дарынды оқушылары биылғы оқу жылын табысты аяқтады. Халықаралық, республикалық деңгейдегі жарыстарға қатысып, жоба қорғауда алтын, күміс және қола медальдарды қанжығаға байлады. Осы орайда талантты жастарға қолдау көрсету мақсатында аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың бастамасымен дарынды оқушыларды марапаттау қолға алынған болатын. Дәстүрлі шара биыл да жалғасын тауып, облыс әкімі өңір мақтанышына айналған жүлдегерлермен бейресми кездесу өткізді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жас дарындармен кездесу жуырда ғана есігін айқара ашқан Пришахтинскідегі жаңа Оқушылар сарайында өтті. Басқосуда халықаралық, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалардың 58 медаль иегері, сондай-ақ, олардың ұстаздары марапатталды. Бірінші орын – 200 мың теңге, екінші орын – 150 мың теңге, үшінші орын – 100 мың теңгеге ие болған дарынды оқушылардың ұстаздарына Алғыс хаттар табысталды.

Облыстың мақтанышына айналған, республикалық, халықаралық олимпиадалар және ғылыми жоба сайыстарының жүлдегерлерімен кездесу дәстүрге айналды. Мен үшін мұндай кездесулердің мәні басқа, мағынасы бөлек. Біз, үлкендер, баламыздың өмірлік жолына қызығушылық танытып, әр жетістігіне қуанамыз. Сіздер өздеріңіздің білімдеріңіздің арқасында ерекшеленіп қана қоймай, мектеп беделін көтеріп, облыстың, еліміздің мерейін үстем еттіңіздер. Жетістіктеріңізді естіп, бір жасап қаламыз. Сол себепті, бұл кездесу ерекше жылулық пен қуаныш сыйлайды. Облыста балалардың білім алуына барлық

жағдай жасалған. Халықаралық, республикалық олимпиадалардан жүлдегер атанған Сіздерді көріп, болашағымыздың жарқын екеніне сенім арттымыз. Сіздер лайықты білім алып, елімізді көркейтеді деген сенімдемін, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Балалар аймақ басшысының мектепте қалай оқығанын, бос уақытын қалай өткізетінін, хоббиін сұрап, қызығушылық танытты. Ермағанбет Бөлекпаев уақытының басым бөлігі жұмысқа кететінін, бірақ, соған қарамастан, отбасына көңіл бөлуге тырысатынын, кітап оқитынын да атап өтті. Оқушылар әкімнің Уинстон Черчилльдің «Екінші дүниежүзілік соғыс» шығармасын сүйіп оқитынын білді.

Облыс әкімі ұстаздарын еске алып, өмірін мектепте бала оқыту ісіне арнаған анасы жайлы естелікпен бөлісті.

Мұғалімдерге үлкен құрметпен қараймын. Жұмысын жақсы білемін. Менің анам – 35 жылдан астам өмірін мектепке арнаған жан, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Оқушылар кездесу барысында болашақ жоспарларымен бөлісті. Мәселен, Қарқаралы ауданы, Бесоба ауылының 11 сынып оқушысы Айдана Төлтеген география



пәнінен үздік нәтижелерге қол жеткізіп, республикалық олимпиаданың алтын медалін жеңіп алған. Оның айтуынша, пәнге деген сүйіспеншілік география пәнінің мұғалімі болып қызмет ететін жекесін дарыған. Айдана «менеджмент және басқару» мамандығы бойынша оқуға түсуді жоспарлапты.

Ал, Қарағандыдағы №30 мектептің түлегі, Ульяна Радионова орыс тілі мен әдебиеті бойынша республикалық олимпиаданың күміс жүлдегері атанды. Болашақта ол өмірін филология саласымен байланыстырмақшы.

Өртүрлі пәндер бойынша жеңімпаз атанған оқушылар аймақ басшысымен кездесуде көкейдегі сұрақтарын қойып, мамандық таңдауда ақыл-кеңес алды.

Кездесуде Азия-Тынық мұхиты халықаралық олимпиада-

сының жеңімпазы атанып, математикалық ғылымдар саласында облыстың абыройын асқататып жүрген олимпиаданың қола жүлдегері, «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының 10 сынып оқушысы Жәнісбек Бейбарыс қатысып, аймақ басшысына оқушылар атынан ризашылық білдірді. Сондай-ақ, дарынды жас «Жаңа Оқушылар сарайын аралап шықты. Шығармашылықпен айналысуға тамаша жағдай жасалыпты. Өрбір үйіме арналған заманауи техникаларды көріп, қызықтық. Қаламызда осындай жеткіншектер сарайлары тағы да салына ма?» деген сауалын қойды.

Бейбарыс, математикадан Халықаралық олимпиадада жеткен жеңісізбен құттықтаймын. «Математика – ғылымдар патшасы» және ойды жетілдіретін

ғылым. Алдағы уақытта алар асулар көп болып, биіктен көрінеді деп сенемін.

Ал, сұрағыңызға келсек, бүгінгі таңда қосымша білім беруге өте маңызды көңіл бөлінуде. Бұл жайлы Президент жыл сайынғы Жолдауларында атап өтеді. Бұл салада бала өзіне ұнайтын нәрсені өзі таңдайды. Алдағы уақытта Пришахтинск балалары үйірмелер мен секцияларға қатысып, жаңа достар тауып, ғылым үйренуге және дамуға болатын екінші үйге айналады деп үміттенемін.

Бұл жұмысты жалғастырамыз. Майқұдық пен Теміртауда оқушыларға арналған заманауи сарайлар салу әрі биыл Балқаш пен Осакаров ауданында қосымша білім беру орталығын ашу жоспарлануда, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Облыс әкімінің айтуынша,



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

баланың дағдылары мен қуыреттерін тек оқу бағдарламасы аясында ғана емес, сабақтан тыс уақытта да дамыта алатын жағдайлар жасау – міндет.

Сондай-ақ, жиында Н.Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының математика пәнінің мұғалімі Екатерина Нипрук сөз алып, дарынды шәкірт тәрбиелеудің маңызды тұстарына тоқталды.

– Математика пәнінің мұғалімін әрі балаларға 3 тілде сабақ беремін. Бүгінгі кездесуге оқушылармен бірге қатысып отырғаным қуаныштымын. Оқушының талантын танып, оны аша білу – әр мұғалімге берілген сын, – деді Екатерина Нипрук.

Кездесуде облыс әкімі оқушылардың қызығушылығын оятып, білімін ныңдап жүрген ұстаздар қауымына алғыс айтты.

– Бүгін жақсы кездесу болды деп есептеймін. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген сөз бар. Білім биігінен көрініп, жетістікке жеткендеріңіз – мұғалімдеріңіздің ерен еңбегіңіз және дамуға болатын екінші үйге айналады деп үміттенемін. Мұғалімдеріңіздің ерен еңбегіңіз және дамуға болатын екінші үйге айналады деп үміттенемін.

Бұл жұмысты жалғастырамыз. Майқұдық пен Теміртауда оқушыларға арналған заманауи сарайлар салу әрі биыл Балқаш пен Осакаров ауданында қосымша білім беру орталығын ашу жоспарлануда, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Көптен күткен көгілдір отын

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғын үйді газдандыру мәселесіне ерекше көңіл бөліп келеді. Тіпті, Президент Үкімет пен әкімдік тарапына газдандыру жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Ал, Қарағанды қаласын газдандыру бүгінде 4 кезекті 16 іске қосу кешені қамтиды. Бірінші кезек шеңберінде 7 іске қосу кешені іске қосылып, Қазыбек би ауданы мен шаһардың Михайлов бөлігі газға сәтiмен қосылды.



бөліп төлеу тәртібімен жеңілдетуге болады. Адамдар алдымен бізге хабарласады. Тәртіп былай. Мердігер газға қосылу ақысын айғақтайды. Біз оны атаулы мерзімге пайызсыз негізде бөліп, мердігерге қаражатын төлейміз. Ал, қосылған үй иесі жежеленген ақы аралығында берешегін біртіндеп өтейді. Былтыр бұл бағдарлама қанатқақты қалыпта іске асып, тиімділігін көрсеткен еді. Нәтижесінде 300-ге тарта үй көгілдір отынға қосылды. Быыл 70 үй газбен қамтылды. Ендігі жоспар бойынша 420 үй жежеленді. Газға қосылуы орташа бағамы 800 мыңнан басталады, – деді облыстық тұрғын үй қорын жаңғырту орталығы директорының орынбасары Әлібек Аденов.

Таудан үлкен табалдырық

Кирзавод аумағы, Таугүл және Күнгей шағынаудандары маңындағы 4, 5, 6 іске қосу кешендеріне жауапты талдықорғандық «МБК Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мердігер болып танылса,

Рейдовая көшесінің тұрғыны Әбікен Қушқенов осы уақытқа дейін баспанасын көмірмен жылытып келген. Алты ай қыста 7 тоннадай сарп еткен көрінеді. Ендігіде газға қосылып, тұрмысының ғанибетін көрмек ниетте.

– Мұнда 2011 жылдан бері тұрып келемін. Отбасым үлкен. Шыны керек, көшемізге газ тарту үдерісі заманауи қалыпта іске асып жатыр. Бң-шансыз жұмыс істеп жатқан жұмыскерлерге қарап, қайран қалдық. Көгілдір отынның көкжиегі жақындады деген осы. Пеш жағып жүріп, кейде қонағымыздан қағаберіс қалып қойып жататын кезіміз болған. Жақсы жаңалық! Басы басталған екен, аяғы ойдағыдай тәмамдалса деген ниет қой. Көмірдің бағамын өздеріңіз білесіздер. Жыл сайын қымбаттамаса, арзандамайды. Тоннасы – 22 мың теңге. Орталықтандырылған газды көптен бері тағатсыздана күткен едік. Омыртқасы он бөлек отын желісі таудан үлкен табалдырық екенін сезінсек керек-ті. Табалдырық еңсерілді!

жұмыс орындарын құру және инвестиция тарту арқылы аймақтың экономикалық дамуына едәуір ықпал етеді. Үшіншіден, газды жылыту, тамақ дайындау үшін пайдалану тұрғындар үшін тиімдірек. Бұл – өз кезегінде коммуналдық шығынның төмендеуіне сеп. Есесіне, газдандыру үдерісі бірқатар маңызды мәселелерге де ұласатыны түсінікті. Негізгі түйткілдің бірі – айтарлықтай қаржылық инвестиция қажеттілігі. Үкімет пен жергілікті билік инвестор тарту, жұмысты жалғастыру үшін бюджет қаражатын бөлу тұрғысында белсенді жұмыс жүргізуде.

– Жалпыдай алсақ, қала аумағында осындай 26 мыңға тарта жеке тұрғын үй газ жүйесіне кезекте тұрған еді. Оның ширегі газ желісіне сәтті қосылды. 2020 жылдан басталған келелі істі қарашада енгізу актісіне қол қойып, «QAZAQGAZ AIMAQ» акционерлік қоғамының өңірлік филиалына табыстаймыз, – деп хабарлады қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Мұрат Камалиев.

«QAZAQGAZ AIMAQ» – газ тарту мен газбен жабдықтауға маманданған қазақстандық компания. Бұл ұйым тұрғындар мен кәсіпорындар атаулысын табиғи газбен қамтамасыз ету тізбегіндегі алтын көпір десек те болады. Компания – газ тарту желілеріне техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге жауапты. Тұрақты тексеру мен уақытылы жөндеу жұмысы – газбен жабдықтаудың сенімділігі мен қауіпсіздігін сақтауға кепіл. Бұған профилактикалық қызмет көрсету, жабдықты диагностикалау және жөндеу жағдайларды жою кіреді.

– Газға қауіпсіз әрі кепілді негізде қосылу айтқанға оңай болғанымен, іс жүзінде сақтықты талап етеді. Өр тұрғын біздің тараптан техникалық шарт алады. Кез келген қарапайым абонент техникалық құжатты тегін иемденеді. Арызын жазған адам үйінің техникалық куәлігін, жерінің актісі мен жеке куәлігін көрсетеді. Мұнан соң құрылыс жұмысы жалғасады. Нәтижесінде мамандарымыз жабдықтың қауіпсіздігін тексеріп, газ тартылады. Тарифке келетін болсақ, алдымен шығын есептеледі. Әрине, көптеген күрделі үйлер

барлығын да ескереміз, – дейді «QAZAQGAZ AIMAQ» өңірлік өндірістік филиалы директорының орынбасары Амандық Тәңірбергенов.

Жаңа тарау

Қарағандының ақшамдағы шұғылалы шамдары шексіз далада шағылысатын жұлдызды аспан астындағы жаңа дәуірді әйгілейтіндей. Ғасырлар бойы күрес пен еңбектің күәсі болған кешікті қала болашақтың тың тынысына ие болды. Газдандыру, тағдырдың алтын жібі сияқты, өткен мен бүгінді біріктіріп, көрікті көшесі мен зәулім ғимараттарын дүсірлі даму мен үзім үміттің нышанына айналдырғандай.

Қарағанды Қарағанды болғалы төрткүл жаһанға еңбек адамының қасиетті өлкесі ретінде бой көтерген. Жер астынан көтерілген кенші, болат балқытқан металлургия тарихы кенен шаһарды маңдай терімен көтерді. Жүз жылдықтар көш керуеніне кешікпей ілескен өндірісті өңір ендігіде табиғи газдың нығметі артқан дақты дәуірмен тұспа-тұс келді. Өр үй мен кәсіпорынға көгенделген көгілдір отын жайлылық пен қауіпсіздік көрінісін сыйлауда. Сонау бір кездері ауыр жұмысты ән қылған көшелер міне-міне жарқын болашақ жоба-жоспарларына ойысқандай. Газдың келуімен қала жарқын, жылы, жайлы бола бастады. Қыста қою түгін шығаратын пеш мұржасы заманауи батареяларға жол берсе, газ плиталарының көгілдір ошағы баспанға әлдебір жайлылық әкеліп, адам жүйке-жүрегіне жылылық ұялатты.

Әредік аула сәкілерінің біріндегі егде кісінің немересіне бұрынғы мен бүгінгіні астаыртқан астарлы өңімге желі тартып жатқанын құлағымыз естіп қалады. Оның дауысында өткен күнге мақтаныш, келер заманға алғыс аңдалады. Газдандыру әлгі қарт үшін тек техникалық жетістік қана емес, еңбек адамының есеп еңбегі мен ғани өмірін таны мен құрметтеудің белгісі іспеттес. Газдандыру – даңғайыр дәуірдің жаңа тарауының бастауы. Бұл – жылу, жарық және әл-ауқат тарауы...

Суреттер автордан

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Инфрақұрылым игілігі

Қазыналы қаланы газдандыру – тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, жалпы өңірді дамытуға бағытталған негізгі инфрақұрылымдық жобалардың бірі. Аудымды бастама бірнеше жыл бұрын басталысымен экономиканың бойына да қан жүгіріп, кейінгі кезде айтарлықтай қарқын алды. Бірнеше жүз шақырымдық құраған газ құбырлары тартылып, бірегей жоба кенді өлкенің орталық аудандарын қамтыды. Өзірге жеке үй кешендерін көгілдір отынға көгендеу амалдары іске асырылуда. Негізгі күш-жігер түпкілікті тұтынушыларға газ беруді қамтамасыз ететін магистральдық газ құбырлары мен тарату желілерін құруға сарп етілуде.

Сонымен, газ тарату желілері 4 166 жеке тұрғын үйге жалғанды. Осы жылдың 28 мамырына жеке тұрғындар үшін көгілдір отынға қосылуға 3 046 техникалық шарт беріліп, 2 459 үй қажетті жабдықпен қамтылды. Иә, бір қарағанда оп-оңай көрінген газдандыру үдерісі сайып келгенде,



қарапайым тұрғынның қос нығызна жүк боларлық әжептәуір қаражатты талап етеді. Сондықтан, 5 жыл мерзімге пайызсыз несие рәсімдеу арқылы жаңғырту орталығы 260 үйді газдандырып үлгерді. Осы жұмысты әрмен қарай жалғастыру үшін әкімдік жаңғырту орталығына қосымша 300 мекеңжай тізімін жолдады.

– Газды әркім өз қалтасынан қаражат шығара салып, қоса алмасы белгілі. Әлбетте, мұндай істі

техникалық қадағалау «Гранд-ТаурСервис» ұйымына жүктелген. Бесінші іске қосу кешенінде мердігер ескі әуесжай ауданында Штурманская, Самал көшелерінде газбен жабдықтаудың орамшылдығын жетілдіріп, абонентке жалғаудың 512 торабы орнатылды. 29 техника, 100-ге тарта маман жұмылдырылған. Бұдан әрі, 2026 жылы Әлихан Бөкейхан ауданын газдандыру барысын жобалау амалдары басталмақ,

– деп ағынан жарылды Әбікен Достайұлы.

Алтын көпір

Газдандыру қала мен оның тұрғындарына бірқатар артықшылық әкеледі. Біріншіден, бұл экологиялық жағдайдың айтарлықтай жақсаруы. Көмірмен жылытудан табиғи газға ауысу атмосфераға зиянды заттың шығарындысын едәуір азайтады. Екіншіден, газдандыру жаңа



Үздік практикалар орталығы ашылды



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Қарағандыдағы № 1 емханада үздік практикалар орталығының салтанатты ашылуына қатысты. Осындай тағы екі орталық Қарағандыдағы № 2 емханада және Теміртау қаласындағы № 4 емхана базасында ашылды. Министр орталық қызметінің негізгі бағыттарымен танысты.



Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Орталық пациентке тиімді медициналық көмек көрсетуді бес минутта жүзеге асырады. Бағдарланған «стрияж» жүйесіне тіркеу арқылы жұмыс істейді. Пациенттер ағынын бөледі, тіркеу орнының жағында шұғыл көмек кабинетін ашуды, цифрлық технологияларды интеграциялауды, навигация мен электрондық кезектерді реттейді.

Сондай-ақ, пациенттің «осында және қазір» қағидасы бойынша жұмыс істейтін қоғамдық қабылдауды пайдалана отырып, өз мәселесі бойынша қалай және кімге жүгіну керектігін анықтауға кететін уақытты барынша жеңілдетеді. Адам денсаулығының қауіпсіздігі, қолжетімділігімен сипатталатын кешенді медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмек көрсетеді.

Орталықта науқасты туғаннан бастап, қартайғанға дейін бақылайтын көпсалалы топтар бар. Олардың құрамында отбасылық дәрігерлер, патронаждық медбикелер, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер және бейінді мамандар бар.

Сонымен қатар, орталықтарда жүкті әйелдер мен 5 жасқа дейінгі балаларға сапалы қызмет көрсету үшін жеке патронаж қызметі де бөлінген.

Осыған ұқсас Теміртауда ашылған алғашқы үздік практикалар орталығы әлеуметтік-психологиялық қызмет пен медицина қызметкерлерінің жұмысын шоғырландыруға бағытталған. Отбасылық дәрігер, әлеуметтік қызметкер, психолог және бейінді мамандар кіретін мультидисциплинарлық команда

жұмысы халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасын жақсартып отырады.

Орталық жұмысы негізгі назар аурулардың алдын алуға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталады. Отбасылық медицина қағидатын енгізуге бағдарланғандықтан, емделушілердің әлеуметтік жағдайына басым көңіл бөлінеді, – дейді орталық денсаулық сақтау басқармасының мамандары.

Жалпы өңірдегі үздік практикалар орталықтары Президент тапсырмасы аясында ашылууда. Өткен жылы Президент ДДҰ-ның медициналық-санитариялық алғашқы көмек жөніндегі жаһандық конференциясының пленарлық отырысына қатысып, онда денсаулықтың профилактикасы және сақтау қағидаттарын ілгерілетуді, медициналық-санитариялық алғашқы көмекті дамыту бойынша ұсынымдар әзірлеуді ұсынды. Алғашқы медициналық бөлімшелер Жамбыл, Түркістан және Алматы облыстарында ашылды. Орталықтардың бірінде қарағандылық мамандар біліктілігін арттырып, кейін осындағы әріптестерімен тәжірибесімен бөлісті. Осы орайда өткен жылы Қарағандының № 3 емханасының базасында алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету бойынша үздік тәжірибе орталығы халыққа қызмет көрсетуді бастады.

Бүгінде № 3 емханаға 55 мыңнан астам адам тіркелген. Бұл Оңтүстік-Шығыс, Федоровка, Кирзавод, мейкомбинат тұрғындарын қамтитын ауруханада 34 отбасылық дәрігер және 120-дан астам арнайы маман жұмыс істейді.

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Қарағанды медицинасының мүмкіндігі мол

Аймаққа іссапармен келген Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова «Денсаулық сақтау және білім берудегі мейіркелер мен инновациялық технологиялар» ғылыми-практикалық конференциясына қатысты. Шара барысында министр барша медицина қызметкерлерін келе жатқан мерекесімен құттықтады.

Жаная ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

«AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының ғимаратында өткен конференция мерекеге орай ұйымдастырылған салтанатты шарамен басталды. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Ақмарал Әлназарова құттықтау лебіздерін білдірді.

– Аймақтың мамандары жүрек пен қан тамырларына, омыртқаға, бас миы мен жұлынға күрделі ота жасап жүр. Буындарды протездеу, жаңа туған нәрестелерді күту, онкологиялық ауруларға көмек көрсету және заманауи медициналық қызметті шеберлікпен қолданып жатқанын айтқым келеді, – деген облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңір басшысы ретінде назар аударатын бірқатар жайттар бар екенін айтты.

– Бірінші кезекте облыс тұрғындары үшін медицина қызметі қолжетімді болуы маңызды. Ол үшін тек қала емес, ауылдық жерлердегі технологиялық мүмкіндіктерді, оңалту қызметі, КТ мен МРТ кабинеттерін жетілдіру қолға алынған. Ауыл медицинасын жаңғырту міндеті де ерекше бақылауда. Елдімекендерде медицина нысандарының құрылысы белсенді жүргізілуде. Тағы бір мәселе – сала мамандарын баспанаман камту. Бұл мәселені барлық әдістермен шешіп жатырмыз. Соңғы екі жылда 130-ға жуық медициналық қызметкер баспаналы болды. Тұрғындардың жайлылығы үшін емдеу мекемелерінің жағдайын жақсартып жатырмыз. Былтыр 14 нысанда жөндеу жұмыстары жасалды. Бұдан да басқа мәселелер бар. Олардың барлығын шешуге күш саламыз, – деген аймақ басшысы барлық медицина қызметкерлерін төл мерекесімен құттықтады.

Ведомство басшысы да мереке қарсаңында Қарағандыға келіп, осындай шараға қатысқанына ризашылығын білдірді.

– Денсаулық сақшысы болып

жүрген еліміздегі 275 мыңнан астам медициналық қызметкерлерді құттықтауға рұқсат етіңіздер. Талай жылдан бері осы салада маңдай терін төгіп жүрген жандар жетеді. Сол кісілердің сіңірген еңбегін жақсы білеміз. Медицина қызметі – адамгершіліктің асылы. Оның мәртебесі қашаннан жоғары болуы керек.

Биылдан бастап заңға өзгерістер енгізілгенін барлығыңыз естідіңіздер. Сол заңның аясында медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шаралары қарастырылуда. Алғаш рет «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атағы тағайындалды, – деді Ақмарал Шәріпбайқызы. Ол әр маманға денсаулық, күш-қайрат, отбасыларына амандық тіледі. Өрі ведомстволық төсбелгілерді табыстады. Аймақтың 72 маманы «Еңбек ардагері», «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» және «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Оның бірі – облыстық клиникалық балалар ауруханасының қабылдау бөлімінің меңгерушісі Галина Калиева. Медицина саласында 23 жыл өмірін арнаған маман министрдің қолынан «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісін алды.

– Бұл – менің алғашқы марапатым. Әрине, өте қуаныштымын. Бұл жұмыста ынтылдандырып, жігер берді. Жалпы, бүгінгі таңда мемлекет те, жергілікті әкімдік те денсаулық сақтау саласына көп жағдай жасап жатыр. Медицина да қарқынды дамып жатыр. Мен бала кезімнен дәрігер болуды армандадым. Кейде қиналған сәттер болса да, медицинадан кету туралы ешқашан ойлаған емеспін. Барша әріптестерімді төл мерекелерім құттықтап, тек жақсылық тілеймін, – деді ол.

Салтанатты шарада ауылға барып еңбек етуге ниет білдірген бірқатар аса мамандарға да сертификаттар табысталды. Шет ауданы, Өспен ауылының жалпы практика дәрігері Тұрсын Оразбай



мемлекеттің қолдауына ие болып, 8,5 млн теңге сертификатын алды.

– Ауылда сегіз айдан бері жұмыс істеп жатырмын. Басшылық та, әріптестерім де жақсы. Тұрғындармен байланыс орнатып, сеніміне ие болу үшін еңбек етіп жатырмыз. Жергілікті әкімдік үй-жай, барлық қажеттілікпен қамтамасыз етті. Жас отбасымыз, қаражатты балаларымның болашағы үшін жұмсаймын, – деді Саттар Маратұлы.

Ол жасалып жатқан қолдау жайлы айтып өтті. Айтуынша, колледж студенттеріне берілетін грант көбейеді.

– Жыл сайын 170-200 болса, биылғы жаңа оқу жылында грант саны 500-ге жетпек. Қазіргі уақытта колледжде 2 мыңға жуық студент оқып жатыр. Былтыр 800-ден астам студент қабылданды. Алғашқы рет былтыр көзі көрмейтін жастар үшін инклюзивті орта қалыптастырып, оқуға алдык. Олар биыл массажиіст мамандығын игеріп шығады. Осы жазда 429 түлек бітіреді. Күрделі жөндеу жасалып, жатақхана орындары артып, білім алушылар мен оқытушылар үшін де жағдай жасалуда. Осы арқылы орта буын медицина мамандарына деген тапшылық азаяды деп ойлаймыз, – деді ол.

Қарағанды жоғары медициналық колледжінің директоры Саттар Әбдіғұлұлының айтуынша, конференцияның маңызы зор. Оған Қазақстанның басқа аймақтарынан бөлек, Өзбекстан, Беларусь елдерінен де мамандар қатысуда.

– Дамыған мемлекеттерде мейіргерлер дәрігерлердің функциясын атқара береді. Дәрігер өз жұмысымен, мейіргерлер өз міндетімен айналысады. Бұл реформа орынды деп ойлаймыз және оны жүзеге асыруға дайынбыз, – дейді Саттар Маратұлы.

Ол жасалып жатқан қолдау жайлы айтып өтті. Айтуынша, колледж студенттеріне берілетін грант көбейеді.

– Жыл сайын 170-200 болса, биылғы жаңа оқу жылында грант саны 500-ге жетпек. Қазіргі уақытта колледжде 2 мыңға жуық студент оқып жатыр. Былтыр 800-ден астам студент қабылданды. Алғашқы рет былтыр көзі көрмейтін жастар үшін инклюзивті орта қалыптастырып, оқуға алдык. Олар биыл массажиіст мамандығын игеріп шығады. Осы жазда 429 түлек бітіреді. Күрделі жөндеу жасалып, жатақхана орындары артып, білім алушылар мен оқытушылар үшін де жағдай жасалуда. Осы арқылы орта буын медицина мамандарына деген тапшылық азаяды деп ойлаймыз, – деді ол.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МАМАНДЫҚҚА АДАЛДЫҚ

Алтын қолды акушер

Ана мен сәбидің аман-саулығына жауапкершілікпен қарау – тұтас ұлттың амандағына алаңдаушылықпен қарау. Бұл – ақ халат киген акушерлердің бойтұмар сөзі, қағидат, ұстанымы. Әу баста тележурналист боламын деген арманын анасының бір ауыз өтінішімен медицина маманына алмастырған акушер-гинеколог Жарқын Нұркеева өз кәсібін кәнігі майталманына айналдырды.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Әрине, Жарқын Сыздыққызы мұның жолында үздіксіз оқуды, тынымсыз еңбекті сарп етті. Анасының «Біздің үйге бір дәрігер керек», деген бір ауыз сөзін жерге тастамаған ол «Анам, қолымнан келетінін білген екен ғой», дейді. Бала кезден келе жатқан арманы – тележурналист болу. Содан болар алдына алаңдап келген жүкті аналарды алдымен жылы сөзімен жұбатады. Сосын барып қана ем-домына кіріседі.

Осылайша, Жарқын Сыздыққызы 1996 жылы Қарағандының медициналық институтының жалпы медициналық факультетіне оқуға түседі. 2002 жылы емдеу факультетінде акушер-гинеколог мамандығын тереңдетіп оқып, одан кейін тағы бір жылдық білімін интернаттура арқылы жетілдіреді. Білім алып жүріп, практикаға да қатысып, тәжірибесін әбден толықтырып алған жас медбике дипломына қолын жеткізген соң алғашқы еңбек жолын бастайды.

Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданындағы орталық аурухананың босану және гинекология бөлімшесінің меңгерушісі болып. Сонда бес жыл еңбек етіп, екінші дәрігерлік категориясын алады. Аудандық ауруханадан біліктілігін молайтып алған ол қайта Қарағандыға қоныс аударады. Облыстық перзентханада 2022 жылға дейін акушер-гинеколог болып еңбек етеді. Осы уақыт аралығында аймаққа мықты акушер ретінде аты танылады. Жүкті аналардың барлығы тәжірибесі толыққан, ана мен бала денсаулығының білгірі болған Жарқын Сыздыққызын арнайы іздеп келеді екен. Еңбегі еленіп, жоғары санаттағы дәрігер атанады. Жарқын Сыздыққызы 2022 жылдан бастап №2 перинаталдық орталықтың меңгерушісі. Яғни, білгір маман, білікті басшы қаланың Пришхатинск бөлімінде перзентханаға жетекшілік етіп отыр.

Жарқын Сыздыққызының медицина саласындағы жалпы еңбек өтілі 25 жыл. Осы бір жылдар уағында қаншама қызықпен де, қиындықпен де бетпе-бет келген.

Жұмысына алғаш кіріскен

жылы шалғай ауылдағы бір ананың толғағы жетіп, өз көліктерімен аудан орталығына келе жатады. Күн – 40 градус аяз. Оған алаңдаған жас акушер жедел-жәрдем көлігімен оларға қарсы бет алады. Содан орта жолда кезігіп, жедел-жәрдем көлігінің ішінде аспай-саспай аман-есен босандырып алады. «Дегенмен, сол жолы жауапкершілікті қатты сезіндім. Күн қытымыр аяз. Аса қатты керек-жарағымыз да жоқ. Бір өзім ғана. Оның үстіне енді ғана жұмысқа қабылданғанмын ғой. Содан бастап, әр ана мен балаға үлкен жауапкершілікпен, аса ұқыптылықпен қарау керектігін түсіндім. Өйткені, бір емес, екі адамның денсаулығы мойнында тұрады», – дейді білікті акушер.

Осы бір мамандығының арқасында түрлі қызықтарға тап болады. Әсіресе, ақ көйлекпен келген қалыңдықты босандырып алғанын әлі қызық қылып айтады. «Сол жолы жедел-жәрдем көлігі құйғытып келіп, сигналын қайта-қайта берді. Ішіндегі жүргізуші «Келін келді, келін келді!», деп дауыстап шықты. Біз түсінбей тұрмыз. Сөйтсек, тойда отырып толғағы жеткен келіншек екен. Перзентхана кәдімгі ақ көйлекпен кіргізіп алдық. Аман-есен босанды. Оны естіген тойда отырған туыстары перзентханаға келіп, әрмен қарай думандатқан. Осы бір ерекше сәт есімізде әлі», деп жылы естелігін



жымын жеткізді абзал жан.

Ардақты акушер жыл сайын білімін жетілдіріп, тәжірибесін тереңдетіп отырады. Үнемі ізденіс үстінде. Онсыз тағы болмайды дейді. Өйткені, медицина ғылымы да көз ілестірмес жылдамдықпен дамып келеді. Озық технологияны оқып, білуді өзіне талап етіп қойған. Әр жылы Израиль, Түркия, Ресей елдеріне барып, арнайы курстарды оқып отырады. Ол мемлекеттердің ана

Еңбек жолында мұндай биік дәрежеге қол жеткізуіне өмірлік жолдасында да қолдауы бар. Мұны акушердің өзі бізге былай жеткізді: «Жан-жарым екеуміз сонау студент кезімізде отау құрдық. Өмірдің әр баспалдағын содан бері бірге басып келеміз. Ол маған, мен оған қолдау білдіремін. Өйткені, жауапкершілігі жоғары жұмыстың ауыртапшылығы әрдайым басым болады. Жолдасым да медицина саласында еңбек ететіндіктен, бір-біріміздің жанымызды түсінеміз».

Иә, жолдасы Самат Нұркеев те облыстық клиникалық аурухананың білікті проктологы, хирургы. Жоғары санаттағы дәрігер. «Алтын дәрігер» медалінің иегері. Бір шаңырақтың астындағы екі бірдей алтын дәрігер бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр. Ұлдары Нұрәли Назарбаев интеллектуалдық мектебінің 10 сыныбын, қыздары Жансұлу «Мұрагер» мектебінің 5 сыныбын бітірді. Екеуі де әке-аналары секілді алтын дәрігер атанып, емделушілерге шипа дарытқысы келеді. Ата-аналары өздерінің жүрегі қалаған мамандыққа оқуға түссін деп отыр. Бірақ, балалары бала кезінен бастап, таңдау жасап қойғандықтан, оларды қазірден бастап оқытып, тоқытып жатыр. Иә, шын мәнінде ең мықты ұстаз – әке мен ана.

Жарқын Сыздыққызының көп жылғы еңбегі елеусіз емес. «Алтын дәрігер» медаліне, «Кәсіпқадакқа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісіне ие болған. Алдыңғы жылы министрліктің «Денсаулық сақтау саласының үздігі» мәртебелі марапатына қол жеткізген.

Сурет кейіпкерің жеке мұрағатынан

• ТАУ ТҰЛҒА

Арқа медицинасының атасы

Петр Поспеловтың аймақ медицинасының дамуына қосқан үлесі субелі, сіңірген еңбегі зор. Кубаньдық дәрігердің саналы ғұмыры Сарыарқа жерінде өтті. 35 жылы Қарағанды медицина университетінің тарихымен біте қайнасып жатыр, 24 жыл университеттің ректоры болды.

1933 жылы сәуірде КСРО Денсаулық сақтау Халық комиссариатының жолдамасымен Петр Поспелов Қарағандыға келіп, 2-шахтаның госпиталіне терапевтік бөлімшенің меңгерушісі болады. Бірнеше айдан кейін ол осы аурухананы басқарды. Алты жылдан кейін Петр Моисеевич Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары, бір жылдан кейін, 1940 жылдың сәуір айында Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы болып бекітілді. Ол басшы болған он жылда Қарағанды да облыс орталығы ретінде дами түсті, жаңа шахталар мен зауыттар ашыла бастады. Оқу, ғылыми-зерттеу институттарына деген қажеттілік артты.

Ол кезде елде еңбек етіп жүрген медицина мамандарының басым көпшілігі Украина, Ресейден бітіріп келгендер болатын. Олар біраз уақыт өткеннен кейін елдеріне қайтып кететін. Маман ташылығы өсе берді. Оның шешімі – мамандарды өзімізде даярлау мүмкіндігін қарастыру еді. Қарағандыда медициналық жоғары оқу орнын ашу бастамасы 1940 жылы көтеріле бастады. Ол кезде мұндай жоғары оқу орны тек Алматыда ғана болатын. Алайда, басталған соғыс өрті бұл мәселені кейінге ысырып жіберді. Соғыс жылдары Қарағандыда жаралы жауынгерлер үшін екі эвакуациялық госпиталь жұмыс істеді, оны да Петр Моисеевич жүргізді. Осы еңбегі бағаланып 1943 жылы республиканың еңбегі сіңген дәрігері, 1944 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, одан кейінгі жылы «Қызыл жұлдыз» медалымен марапатталды.

Соғыс аяқталғаннан кейін Петр Моисеевич медицина институтын ашу мәселесін қайта көтерді. КСРО Министрлер кеңесі Қарағандыға медицина институттарының бірінші көшіруге шешім қабылдап, 1950 жылы алты



Петр Моисеевич Поспелов

жылдық білім беретін Қарағанды медицина институты ашылады. Сол жылы Петр Поспелов сол институттың ректоры болып тағайындалды. Емдеу ісі факультетінің бірінші курсына 127, екіншісіне – 101 студент білім алды.

Алғашқы түлектердің қатарында 1971-1982 жылдары Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрі болған Т. Шармановты, түрлі деңгейдегі денсаулық бөлімдерінің басшылары, бас дәрігерлері болған Н.Коншин, О.Курганова, О.Лубинец, Л.Свищев, М.Бопебаев, К.Джанта

сов, Р.Жакупов, К.Калжигитов, Л.Ткаченко, А.Туртбаев, П.Черединов, В.Щацкий және басқаларын айтуға болады. Олардың қатарында екі академик, он шақты ғылым докторлары мен кандидаттары бар еді. Екі жылдан кейін институттың өз аспирантурасы мен клиникалық ординатурасы іске қосылды.

Петр Моисеевич басшылық жасаған уақытта институт қарқынды дамыды. Ашылған алғашқы жылы дәріс берген 23 оқытушының алтауында ғана ғылыми атақ болса, 1973 жылы оқытушылық-профессорлық құрамында 550 адам еңбек етті. Оның 25-і – ғылым докторы, 203-і – кандидат. Факультет қатары да көбейді. Мәселен, 1959 жылы Қазақстандағы екінші санитарлық-гигиеналық факультет ашылды. Осы жылдан бастап кешкі оқыту бөлімдері де іске қосылды. Бірнеше жылдан кейін педиатрия факультеті де ашылып, педиатрлардың тапшылығын жоюға сеп болды. Ал, 1970 жылы институтта орталық ғылыми-зерттеу зертханасы ашылды.

Петр Моисеевич көрегенділігі ерекшелеп тұратын. Ол болашақ үшін жұмыс істеді, бар білімі мен тәжірибесін аямады. Оның қолға алған барлық бастамалары оқу орнын одан әрі дамытып, жетілдіріп, білім беру ісін жүйелендіруге бағытталатын. Мәселен, «Медик» демалыс орны да – оның еңбегінің жемісі. Петр Поспеловтың бастамасымен Қарқаралы демалыс аймағында студенттерге арналған санаторий-профилакторий ашылды.

Тағы бір ерекше атап айтарлық қасиеті оның қазақ жастарына деген қамқорлығы еді. Ол өзі де қазақша әжептеуір сөйлейтін. Сондықтан, қазақ жастарының жоғары медициналық білім алуына мүмкіндік жасады. Институт ашылған жылы барлық дәрігерлердің арасында сегіз ғана қазақ болса, 1973 жылы оқу бітірген 7 мыңнан астам түлектің үштен бірі қазақ жастары еді. Мұны біз ғана емес, тәлім алған, алдын көрген, әріптес болғандардың барлығы жақсы біледі.

Осы ретте Қарағанды көмір бассейніндегі өндірістік жаракат пен кәсіптік ауруларға қатысты мәселелер де медицина маманының назарында болғанын ерекше айту керек. Осы бағытта кандидаттық еңбегін жазып, доктор атағына ие болды. Бұл өндірістік өңір үшін өте маңызды экономикалық әрі әлеуметтік тақырып екені рас. Оның үстіне бұл оқу орнындағы ғылыми жұмыстарды дамыту ісіне бастау салды. Одан кейін медицина ғылымдарының кандидаттары мен докторларының легі қалыптаса бастады.

Денсаулық сақтау, жергілікті денсаулық сақтау ісін жетілдіру, Орталық Қазақстанның курорттық орындарын зерттеп, оларды халық игілігіне пайдалану Петр Моисеевичтің айналысқан және шешімін тапқан мәселелері. Жоғары ұйымдастырушылық қабілеті, адами болмысы, кәсібіне адалдығы мен шеберлігі үшін қайда болсын құрмет пен абырой биігінде болды. Қарағанды облыстық, қалалық және аудандық халық депутаттары кеңесінің депутаты ретінде сайланып қоғам қайраткері де болды. 1973 жылы Қарағанды қаласының Құрметті азаматы атанды. Оның құрметіне облыс орталығында көше де бар. Дегенмен, біз, бүгінгі Қарағанды медицина университетінің әр жылғы түлектері Петр Поспелов есімін осы оқу орнына беру туралы көп жылдан бері бастама көтеріп келеміз. Осы ұсынысымыз қабыл болып, бірегей тұлғаның есімі негізін өзі қалаған білім ордасына берелі деген сенімміз зор.


Тельман СЕЙСЕМБЕКОВ,
академик, медицина ғылымдарының докторы,
КМУ Құрметті профессоры,
Серік ТОҚПАНОВ,
медицина ғылымдарының докторы, профессор,
жоғары санатты хирург

• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Мамандығына мығым Мұрат

Шахтинск қаласындағы «Улыбка» тіс емханасының ашылғанына он жылға жуықтады. Содан бері тұрғындарға қалтқысыз қызмет көрсетіп келеді. Мұнда тіс жұлтын және емдейтін үш кабинеттің бәрі де заманауи жабдықтармен жарақтандырылған, алты адам жұмыс істейді. Соның ішінде, жас маман Мұрат Тахировтың еңбегіне елдің ықыласы мен ілтипаты ерекше.

Эржан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Ол туралы аталған емхананың директоры Елеуен Отыншықызы: «Мұрат бізге 2019 жылдың күзінде келді. Осы уақыт аралығында ол өзінің ісіне адал берілген, мамандығына мығым екендігін көрсете білді. Қаралуға келген әр кісімен тіл табысып, олардың өтініштерін мұқият тыңдап, стоматологиялық үдерістердің барлығын аспай-саспай, сабырмен, сапалы, мінсіз орындап жүр», – дейді.

2010 жылы Топар кентіндегі Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектепті бітіріп, сол жылы бірден Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің стоматология факультетіне оқуға түседі. Одан кейін сол университеттің интернатурасын аяқтаған бойда Отан алдындағы борышын Қарағанды қаласының іргесіндегі әскери бөлімде өтеп келеді. Онда жүргенінде де стоматолог ретінде сан рет әскери жаттығу жыйындарына да қатысқан.

Мұрат Бекенұлы облыс орталығындағы «Нұр-болат» жеке меншік тіс емханасында да стоматолог болып жұмыс істейді. Десе де, өзі туған Шахтинск қаласында да еңбек етіп, туған қаласының тұрғындарына көмек қолын созуға. Қай жерде болсын, мамандығына мығым Мұрат жұрттың көңілінен шығып, халықтың алғысын арқалап, ризашылығына бөленіп жүр.

ШАХТИНСК
Суретте М.Тахиров

Сурет автордікі



Суреттер автордікі

Денсаулық сақтауды ұйымдастыру және әлеуметтік гигиена кафедрасының ұжымы (1974). Солдан оңға қарай отырғандар ассистент С.Терентьева, ассистент Е.Чуйкина, кафедра меңгерушісі доцент Петр Поспелов, аға оқытушы Ю.Ямсков, ассистент С.Туусубекова. Түреген тұрғандар В.Петров, ассистент Н.Сайфуллина, доцент А.Филатов, ассистент Ж.Оспанов, ассистент Л.Барановская, лаборант В.Филина

• ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР

Психиатрия – жан мен тән үйлесімі


Қазіргі таңда Қазақстандағы түрлі реформаларға сәйкес халықтың денсаулығын сақтауда медициналық қызмет күн сайын дамула. Психиатрия болса, отандық медицинаға кешеуілдеп келген белгілі. Дегенмен, бүгінде өзіндік тарихы қалыптасқан үлкен салаға айналды. Аймақтың психиатрия қызметінің қалыптасқанына 80 жылдан асты.

Жан аурулары туралы түсінік сонау медицина атасы саналған Гиппократтан бастау алады. Одан кейінгі пікірлер Платон мен Аристотель еңбектерінде кездеседі. Авл Корнелий Цельс психикалық аурулар жөнінде жүйелі ілім ашты. Психиатриялық көмек алғашында психикалық ауруларды қоғамнан бөлектеумен ғана шектелді. XVIII ғасырдың басында Ресейдің бірқатар қалаларында психиатриялық ірі ауруханалар салына бастады. Қазан төңкерісінен кейін психиатриялық көмек көрсету қызметінде түбегейлі өзгерістер болды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында психиатриялық көмек психоневрологиялық диспансер ұйымы арқылы жүзеге асты. Диспансерлер науқастарға емдік және әлеуметтік көмек көрсетті. Бұл үрдіс Қазақстанда да қалыптасты.

Қарағанды психиатриясының тарихи бастауы 1937-1938 жылдармен тұстас келеді. 1939 жылдан бастап Орталық Қазақстанда бірінші рет психиатриялық көмек көрсетіле бастады. Компанияйск ауылында Н.Ширяевтің басшылығымен 15 төсектік психиатриялық бөлім ашылды. 1940 жылғы 19 қыркүйектегі Қарағанды облыстық денсаулық сақтау бөлімінің №140 бұйрығы негізінде Теміржол ауданының Компанияйск ауылында психикалық науқастарды емдеуге арналған облыстық психиатриялық аурухана ашылды. 1941 жылдан аурухананы Е.М.Деревинская басқарады. Соғыс жылдарында психи-

калық ауруға шалдыққандардың легі көбейгені туралы деректер бар. 1947 жылғы 25 ақпанда облыстық психиатриялық ауруханада соттық психиатриялық сараптама комиссиясы құрылады. Аурухана саман үйде орналасты. Кәріз орнына қазылған шұңқыр, пеш жағу, отын-су тасу емдеу ісімен қатар жасалатын күнделікті жұмыс болатын.

Облыстық ауруханада 1940-1955 жылдары материалдық-техникалық база кеңейді. Алайда, аурухана орналасқан ғимараттың тозығы жетіп, науқастарды қабылдауға қолайсыз болатын жағдайда екені басылық тарапынан жыл сайын ескертіліп отырды. Ақыры 1955 жылдың 15 тамызында психоневрологиялық диспансер ашылды. Диспансердің бас дәрігері лауазымына дәрігер Е. Деревинская тағайындалады. Бар болғаны жеті маман болғанымен, психиатрия мамандығын иегер-



Компанияйск. Дәрігер Марат Шарипович Юрулин

ген бас дәрігерден басқа ешкімде болған жоқ. Сондықтан, мамандардың білімін жетілдіру бірінші кезекке шықты. Бұл жұмысты Қарағанды медицина институтының психиатрия кафедрасының меңгерушісі, профессор А.Святощ жүргізді. Ол осы жылдары сот-психиатриялық сараптама комиссиясына да төрағалық етті.

Осы жылдары психологиялық көмек көрсететін бөлім Балқаш

қаласында, ал, Жезқазғанда ауданаралық психоневрологиялық диспансері ашылды. 1961 жылдың наурызында Теміртау қаласының психиатриялық қызметі өз жұмысын бастады. Алкогольге тәуелділерді психоневрологиялық ауруханада емдеу кіндікті туғызатын болғандықтан, аурухана басылығы арнайы тәртіп орнатылған, заң негізіндегі наркологиялық стационар ашу мәселесін көтерді. 1975 жыл заманауи наркологиялық қызметтің пайда болған жылы ретінде саналады. Осы жылы КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің алқасында дербес наркологиялық қызметті құру туралы шешім қабылданған. Алғаш рет уәәәәәә психиатр-нарколог дәрігерлер, фельдшер-наркологтар пайда болды. Осы мамандық бойынша аттестаттау енгізілді. Бастапқыда наркологиялық қызмет психиатриялық қызметтің құрамына кірді. 1976 жылдың ақпан айында Қарағанды қаласында алғаш рет наркологиялық диспансер ашылды (1994 жылға дейін жұмыс істеді). Диспансер 20-шахтада орналасқан

еді. Кеңес дәуіріндегі наркологиялық қызметтің басты міндеті маскүнемдікпен күрес болатын. Қарағанды психиатриясында әр жылдары емдеу-еңбек шеберханалары – тігін, кітап тігу, ағаш шеберханалары жұмыс істеді.

Деректерге сүйенсек, 1985 жылдан бастап алкогольдік психоздар санының азаюы және жалпы алкогольизммен сырқаттанудың төмендеуі байқалды. 1990 жылдан бастап отандық наркология, кейбір мамандардың пікірінше, дағдарысты бастан өткерді. Наркологиялық диспансерлер таратылып, психиатриялық диспансер құрылымына көшірілді. Бұл жағдай біздің облысты да айналып өтпеді. 90-шы жылдардан бастап Қарағанды облысының тұрғындары арасында есірткі заттарын қолданудың артуы, есірткіге тәуелділік байқала бастады және осы кезеңнен бастап психиатр-наркологтар алдын алу және емдеу мәселелерімен белсенді түрде айналысты. 1992 жылы Компанияйсктегі Қарағанды облыстық психоневрологиялық ауруханасы мен Қарағанды облыстық психоневрологиялық диспансері облыстық «Психиатрия» қауымдастығына біріктірілді, оның бас дәрігері В.Дюсембеков болды. 1993-1994 жылдары психиатриялық және наркологиялық қызметтер біріктірілді. 2001 жылы балалар наркологиялық диспансері ашылғаны да айта кету керек. Тағы он жылдан кейін балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу мақсатында суицидологиялық қызмет құрылды. 2013 жылы Қарағанды облыстық, Теміртау, Жезқазған, Балқаш қалаларындағы психоневрологиялық диспансерлері біріктірілді, ал 2018 жылы облыстық балалар психоневрологиялық диспансері, Саран қаласындағы облыстық ма-

мандандырылған емдеу-профилактикалық мекемесі қосылды. 2014 жылы Жезқазған өңірлік бөлімшесі Сәтбаев қаласындағы ескі, апатты ғимараттардан Жезқазған қаласындағы заманауи ғимаратқа көшірілді.

Қазақстан Республикасының психикалық денсаулық қызметін дамытудың Жол картасы аясында Қарағанды облысы тұрғындарының барлық жас санаттары арасында суицидтің алдын алу үшін айтарлықтай жұмыс жасалды. Нәтижесі облыста суицидтің деңгейін 100 мыңға шаққанда 18-ге дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Бүгінгі таңда Қарағанды облыстық психикалық денсаулық орталығы науқастарға мамандандырылған консультациялық-диагностикалық, жедел, дәрігерге дейінгі, сараптамалық-құқықтық, оңалту және әлеуметтік көмек көрсетіп келеді. Аурухана басылығы өз қызметкерлерінің кәсібилігін арттыруға табандылықпен ұмтылуда. Ұйымның материалдық-техникалық базасы жақсаруда. Психикалық денсаулық саласындағы медициналық көмектің жаңа инновациялық бағыттерін меңгеруге ерекше назар аударылады. Ұйым электронды құжат айналымын кеңінен енгізуде.

Әсіресе, қазіргі заман ағымында адамның жүйкесіне көп жүктеме түсетіні туралы ғылыми зерттеулер нәтижесі көрсетіп отыр. Бұл ретте аталған қызметтің мәні тереңдеп, маңызы арта түсетіні анық.

А.БЕККУЛОВА,
А.АБДИКАДИРОВА,
Ә.Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының оқытушылары

Суреттер автордікі



Компанияйск. 1960 жыл, дәрігерлер ұжымы.



• ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Екі сөйлемеші еді...

Мемлекет басшысының бастамасы бойынша жүргізіліп жатқан реформалардың арқасында қазақстандық қоғамда тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына лайықты үлес қосқан тұлғаларға тиісті назар аударыла бастады.

Осындай тұлғалардың бірі – өзінің барлық еңбек жолын Теміртау қаласын дамытуға арнаған біздің замандасамыз – Бағдат Рахимов.

Адам ретінде өте сабырлы, көпке сыйлы, жағымды, досқа адал, біртоға, қызметте қабілетті, аспай-саспай тыңғылықты іс тындыратын Бағдат Мұқашұлы Рахимовтың өмірден озғанына жиырма жылдан асты. Ортамызда тірі жүрсе, 83-ке келер еді, дүриделтіп тойлар едік-ау!..

Бұл енді өзді-өзімізді алдарқатқанымыз ғой... Өткен ғасырдың екінші жартысында 2,7 пайыз ғана қарақөздер тұратын ел экономикасының күретауы болған Теміртау қаласында қазақ азаматтарының небір жақсылары мен жайсаңдары шоғырланып еді. Солардың бел ортасында Бағдат Мұқашұлы да болатын. Қазақстан Магниткасы дегенде ылғи да металлургия аталып, құрылысшылар қауымы шет қалып жатады. Шынтауына келсек, комбинатты да, қаланы да салған сол кездегі бүкіл Совет Одағының түпкір-түпкірінен комсомолдық жолдамамен 1957-1958 жылдары келген құрылысшы жастар болатын. 1959 жылы келген 3000 қазақ жастары да еңбек жолдарын сол құрылыста бастағандары аян.

Бұрнағы жылдары 1959 жылы қалада болған оқиғадан жастар көтерілісінен астар іздеп, әуре-сарсаңға түскендер мардымды ештеңе таба алмады. Табылуы да мүмкін емес еді, өйткені, арқаның қақаған қысында палаткаларда қыстауды өзгерту үшін бүлік салудан басқа амал да жоқ еді. Бұның өзі Теміртауға «қағылған-соғылғандар жиналған» деген қоғамдық пікір қалыптастырды. Осы уақытқа дейін анда-санда «Е-е-е... сол қаладан екенсің ғой!» деген кемсіту естіліп қалады. Осындай соқтықпалы соқпақты тарихы бар қаланың табалдырығын Бағдат Мұқашұлы 1967 жылдың күзінде Қарағанды политехникалық институтын бітіргеннен кейін аттап, сол кезден бас мердігер «Казметаллургстрой» тресінің «Коксохим-монтаж» құрылыс басқармасына бірден шебер болып еңбек жолын жалғастырады. Талай сатыдан өтіп, 1977 жылы Теміртау қалалық партия комитетінде құрылыс бөлімін басқаруға шақырылып, 1978 жылы екінші хатшы болып сайланады. Осы жылдарда Қарағанды металлургия комбинатында Совет Одағында теңдестері жоқ ақ қаңылтыр цехының құрылысы қарқын алып, жетінші кокс батареясын іске қосу мерзімі жақындап, арпалысып жатқан шақ болатын.

Қаланың ең бір көркем, сәулетті жері болып жоспарланған Нұра су қоймасының жағасын қуалай бой көтеретін «За» мөлтек ауданының құрылысы, тағы да басқа толып жатқан әлеуметтік нысандардың жүзеге асуына қалалық партия комитетінің екінші хатшысы қазақша айтқанда «басымен» жауап беретін. Осы «басымен» дегеннен шығады, жоба бойынша 20 мыңдай адам тұратын тек қана 9 қабатты үйлер салынатын ауданға ауыз су мәселесі қаралып, жобада айтарлықтай қате жіберілгені анықталып, «Жоба бақылаушысына жобаға өзгеріс енгізу керек» демеі ме мәжілісті басқарып отырған екінші хатшы. Оған жоба маманы: «Ол мүмкін емес, өйткені жобаға бөлінген қаржы толықтай игерілді», – десе керек.

Сонда Бағдат Мұқашұлы: – Сен қайда отырсың? – Екінші хатшының кабинетінде. – Онда біліп қой «екінші екі қайталамайды», – депті. Үшқыр ой, ұтымды сөздің ғұмыры мән-



гілік болса да Совет үкіметінің уақытында нәтижесі нысанға дөп тие бермейтін. Оның үстіне партия шаруашылыққа емес, саяси ахуалға басты назар аудару керек деген қағиданы қайта-қайта нығырлап, қарама-қайшылықтарды өрбітіп, байлап-матап ұстап отыратын. Қалай дегенмен коммунистік жүйенің әдістері мен іс жүргізуі пошымы қанша қатып қалған десек те, Бағдат Мұқашұлы сияқты іскер азаматтардың пәрменімен түгел болмаса да, кейбір осындай күрмеуі қиын түйіндер шешіліп жататын.

Сол 1978 жылдың аяғында құрылыстағы партия ұйымдарын нығайту мақсатында «Казметаллургстрой» тресіне жіберіліп, партия комитетінің хатшысы болып сайланады.

Осы лауазымды қызметте істей жүріп, бар күш-жігерін бастапқы партия ұйымдарының жұмыстарын жақсартуға, олардың пәрменділігін арттыруға жұмсайды. Сол уақыттағы үлкен құрылысшылар ұжымының алдында бүкіл Совет Одағының экономикасына елеулі үлес қосатын, жаңа технологиялы, яғни, сапалы өте жоғары ақ қаңылтыр цехында құрылыс-монтаждау жұмыстарын өте жоғарғы деңгейде көтеру міндеті тұр еді. Салыстырмалы түрде аз уақыттың ішінде партия активін топтастырып, жұмысшылар арасында қарқынды жарысты ұйымдастыра білді.

Партия комитеті қаңылтыр цехы комплексінде айына екі рет партия тобының жетекшілері және саяси хабарламашылардың қатысуымен жедел кеңес-семинар өткізіп тұрды. Мұнымен қоса, партия комитетінің мүшелері комплекс торабында жұмыс істейтін құрылыс орындары партия ұйымдарының хатшыларымен алдын ала жасалған кестеде көрсетілгендей, күн сайын жұмыс орындарын аралап көріп, ондағы ахуалмен көзбе-көз танысып, қажет болған жағдайда қолма-қол шешім қабылданып, оны жүзеге асыруға бүкіл инженер-техникалық қауым жұмылдырылып, дер кезінде іске асырылып отырды. Әрине, бұл бүгінгі басқару жүйесі мен экономикалық проблемаларды шешудегі тәсілдерге үлгі болмас та. Бірақ та, халық мүддесіне, өз істеріне адалдық тұрғысынан келсек, қолда тұрған билікті пәрменді қолдану қабілеті құптарлық. Қазір өз қолымыз өзімізге жетіп, ешкімге жалтақтамай, тізгін қолға тигенде дәл осындай адал-

дық лауазымды қызметтерде отырған кейбір өз қандастарымызға дарымауы өкінішті. Әсіресе, сыбайлас жемқорлық өршіп тұрғанда.

1981 жылы 14 қыркүйекте комбинаттың ақ қаңылтыр цехы құрылысында КСРО Минтяжспецстрой, Минмонтаж Спецстрой, КОБОК (ВЦСПС) ұйымдастырған бригадалық мердігерліктің ұйымдастыру тәжірибесін тапсыру бойынша Бүкілодақтық мектептің ашылуында құрылыс тресінің Б.Рахимов басқарған партия комитетінің ықпалы орасан, зор болды. Осының нәтижесінде мұнда алғаш рет толық көлемде толассыз орталық мердігерлікті, апталық-тәуліктік жоспарлауды қолдану енгізілді. Осындай жан алысып, жан беріскен, үлкен деңгейдегі ұйымдастыру қабілетінің арқасында 1982 жылдың бірінші қыркүйегінде қалайыланған 1400-1 станында кешенді сынақ жасалып тіркеледі, алғашқы ақ қаңылтыр алынды. Ал, сол жылғы 19 желтоқсанда осы цехтың бірінші кезегінің құрылысы аяқталып, отанымызға жылына 445 мың тонна ақ қаңылтыр өндірілетін алып қондырғы іске қосылды.

Сол уақыттардағы Совет Одағын басқарып отырған коммунистік партияның 1981 жылғы ақпанында Мәскеуде өткен XXVI съезіне делегат болып сайлануы сөз жоқ Бағдат Мұқашұлының жұлдызды шағы – еңбегінің жанғаны болатын.

1982-1988 жылдары қаладағы Гагарин ауданының партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды, ал 1988-1990 жылдары Теміртау қалалық атқару комитетін басқарды.

Гагарин ауданы, соңынан қаланың атқару комитетін басқарған кезде Бағдат Мұқашұлы өзінің жоғары біліктілігін, ұйымдастырушылық қабілетін көрсетіп, Теміртаудың дамуына байланысты бірқатар әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешіп, халықтың ризашылығына бөленген болатын.

1991 жылы Қарағанды облысының әкімі аппаратына шақырылып, қиын кеткен экономиканы жандандыруға өз үлесін қосты.

Бағдат Мұқашұлы өзіне сеніп тапсырылған барлық мемлекеттік лауазымдарда жоғары азаматтық ұстанымын, жауапкершілігі мен біртөбейлігін көрсетті. Ол үлкен еңбекқорлығымен, қойылған міндеттерді уақытылы әрі сапалы орындау үшін айналасына пікірлес адамдарды жинай білуімен ерекшеленді.

Екі қыз, бір ұл өсіріп, немерелерін көріп кетті. Үлкен қызы Бибігүл – химия ғылымдарының кандидаты, Қарағанды медицина университетінің кафедралық меңгерушісі, ал, екіншісі – Жанна, адам дәрігері болып, қызмет атқарып келеді. Ұлы Сәкен – кәсіпкер. Зәуреш жеңгеміз Бағдат Мұқашұлының шаңырағына шаң жұқтырмай ұстап отыр.

Бірақ та, қанша уақыт ел басқарып, барлығы қолында тұрғанда жеке басының бір мардымды марапатқа ие болмағанына таң қалуменен келемін. Бұл дегеніміз, ол кісінің бойындағы қарапайымдылығын көрсетеді.

Қарағанды облысының игі жақсылары жиналып, Теміртау қаласындағы Чернышевский атындағы көшеге Бағдат Мұқашұлы Рахимовтің есімін беруге халықтан қолдау алып, қала әкімшілігімен келісіп, облыс әкімінен сұрап, өтініш етіп отыр. Бұл өте орынды игі іс деп есептеймін. Теміртау тарихы үшін және келешек ұрпаққа маңызы зор.

**СМАҒҰЛДЫҢ Тілеубердісі,
Қарағанды металлургия
комбинатының ардагері**

ТЕМІРТАУ



Теміртау түрленуде

Теміртау қаласы күннен-күнге ажарланып, түрленіп келеді. Былғы көктемде еліміз бойынша жарияланған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында қолға алынған шаралар мұнда жалғаса түсуде. Соның айғағындай, осы аптада қалада «Жасыл ел» еңбек жасақтарының бірінші маусымы басталса, енді баспасөз-туры өтті.

**Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»**

Қаланың Орталық мәдениет және демалыс саябағында сөйлеген сөзінде Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Самат Зияшев: – Былғы жазғы маусымда «Жасыл ел» еңбек жасақтарының қатарына 1 мыңнан астам жас адам тартылды. Олар ағаш отырғызу, аумақтарды тазалау, саябақтарды абаттандыру, қоршаған ортаны сақтап, жақсартуға бағытталған іс-шараларға қатысады.

Бұл жоба қаламызда 2014 жылдан бері жүзеге асырылып отыр. Әуелде жасак құрамында 70 жасуыңгер ғана болса, жыл сайын олардың саны өсуде. Соның нәтижесінде өңіріміздің экологиялық жағдайы жақсарып қана қоймай, жастарымыздың туған табиғатқа деген жанашырлығы мен сүйіспеншілігі арта түсті деп ойлаймын, – делді.

Бұдан кейін Орталық саябақ қызметкерлері сол араға 8 мың тал петунья, тагетке гүлдерін отырғызуға кірісіп, «Жасыл ел» жасағының құрамында 40 жауынгері бар 2 отряды Абай мен Чайковский көшелерінің қиылысындағы аумақты қоқыстан арылтып, тазалауға көшті. Бәрі бірнәғай кімдегі жас жауынгерлердің алдынан жұмыс үріккендей. Оның бас үйлестірушісі Яуда Мирастың айтуынша, 7 маусымда басталған бірінші лекте 333 адам қамтылған көрінеді. Осылардың арасында 14-15 жастағылар айына 71 мың теңгеден табыс тапса, 16-35 жастағы ересек топтағылар 105 мың теңгеден алады екен.

Ал, қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Гүлмира Олжабаева өздерінің алдағы жоспарында Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығының аумағындағы баққа 60 түп ағаш көшетін отырғызу, күзге қарай «Жасыл ел» жасақтарының қатарын тағы да 100 адамға ұлғайту ойлары барын айтады.

Жалпы, Теміртау қаласында құрылған «Жасыл ел» еңбек жасақтары 7 отрядқа бөлініп, қазірде соның алтауы қала басында іс-қимыл жасап жүрсе, 1 отряд Ақтау кентінде тұрақты түрде жұмыс жасауда.

Сонымен, бұл игі істі атқаруға жауын-шашын да, табиғаттың басқа да тосын мінезі бөгет бола алмайтынын сол күннің өзі көрсетті.

ТЕМІРТАУ

Баянды болашаққа байсалды қадам

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жеріміздің түпкір-түпкірінде біртұтас республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бастау алған болатын. 5 аптаға межеленген ауқымды акция бұқара халықты экологиялық мәдениетке баулып қана қоймайды, мұнымен бірге, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау санасын қалыптастырады. Қарағанды облысы «Таза Қазақстан» экологиялық акциясында белсенді.

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»**

Кешенді науқанға облыстағы бес мыңнан астам эко-белсенді қатысуда. Қала мен өнеркәсіптің тынымсыз өркендеуі жағдайында экологиялық мәдениет кәуіпсіз болашағымыздың маңызды тіні екендігін әркім жете ұғынатындай бұл күнде. Аталған акция алдымен жергілікті тұрғындар мен алуан ұйымдар арасында экологиялық жауапкершілікті насихаттауға арналды десек, жарасар. Игі бастама аясында өңір өмірінде қоршаған ортаның сапасын жақсартуға ықпал ететін көгалдандыру, абаттандыру шаралары жүйелі негізде жүргізілуде. Экологиялық мәдениет табаны жерге тиген әр адамның табиғат нығметтеріне саналы да сауатты көзқарасты керек ететіндей. Бұл қоқыс пен аумақты ластанудан тазарту ғана емес, сонымен қатар, суды, энергияны және басқа ресурстарды тиімді үнемдеуге де тікелей қатысты. Бұқар жырау ауданы Ботақара кентінің жастары аумақтың ластануы мен эквоболонтерлікті дамытуға лайықты назар аудару мақсатын көзде-



ген экологиялық қвестке қатысты. Доскей мен Петровка елдімекендерінің жас ұландары орталық саябақты тазалау амалдарын жүргізіп, шараны жарыс форматында қызғылықты өткізе жүріп, тұрмыстық қалдықтарды дұрыс сұрыптау дағдыларын игерді.

– Мемлекет басшысы сәуір айының басында бастамашылық еткен «Таза Қазақстан» акциясын қазақстандықтар қос қолдап қолдады. Бұл өте қажет, әрі маңызды бірегей бастама. Қвестке қатысушылар ізгі ниетін шараға қатысу арқылы мұнтаздай тазалықты, табиғатты зерттеуге, қорғауға деген ұмтылысты білдіреді. Біздің басты міндетіміз – мұны өскелең ұрпаққа жеткізу, – деп қайырды аймақтық жастар қозғалысының басшысы Жанболат Жанбырбаев.

Ең белсенді болып танылған қатысушылар кәдесей иеленді. Сонымен бірге, жергілікті мектеп оқушылары ата-аналарымен бірлесіп, ағаш бұтағы-



на «құс үйлерін» жасады. Көгалдандыру да жалғасуда. Аудан аумағында 5300-ден астам ағаш, ал, жергілікті кәсіпкерлер акция аясында 400 көшет екті. «Таза Қазақстан» акциясы аясында Бұқар жырау ауданында 230 ұжым қатысып, қатысушы саны бес мыңға жуық адамды құрады. 130 бірлік арнайы техника жұмылдырылды, 10,5 мың тонна қалдық шығарылып, 44 рұқсат етілмеген полигон жойылды. «Мөлдір бұлақ» акциясы шеңберінде 30-дан астам бұлақ айналасы тазартылды. Иә, табиғат-ана – басты байлығымыз. Әрі оны көздің қарашығындай сақтау әрқайсымыздың қара басымыздан мұқият болуды талап етеді. Әрқайсымыздың күнделікті әрекеттеріміз қоршаған ортаның жағдайын айтарлықтай өзгерте алады. Мәселен, қолымыздағы пластмассаны



пайдалануды азайту, қалдықтарды дұрыс көздеге жарату, суды тұтынуды азайту – кез келген адамның қолынан келерлік абзал амалдар.

– Мысал үшін, жыл сайынғы «Таза жағалау» акциясы аясында полигонға 49 тонна қоқыс шығарылды. Жағалау аумақтарының қоқыстан жинау жөніндегі экологиялық акция республикада 1 маусымнан басталды. Ілкімді істі «Қарағанды Су» кәсіпорнының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер мен еріктілер белсенді қолдады. Облыс бойынша қатысушылар саны 5 мыңнан асады. 147 бірлік арнайы техника тартылды. Полигонға 49 тонна қалдық әкелінді. Күн озған сайын көгалдандыру, абаттандыру акцияларының көпке айтулы бола бастағанын қос көзімізбен көріп жүрміз. Яғни, сайып келгенде, айналадағы адамдардың экологияның маңыздылығын тереңірек түсінетінін, қоршаған ортаны жақсартуға деген пұнайы ұмтылысын айғақтайды. Насихат керек! – деп пікір білдірді облыстық экология департаментінің басшысы Дархан Исжанов.

Иә, «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы өңірдегі ілкімді істер мемлекеттің, үкіметтің емес ұйым мен азаматтық қоғамның бірлескен күш-жігері экологиялық жағдайда оң өзгерістерге деген бетбұрысының жарқын мысалы. Экологиялық мәдениет және табиғатқа ұқыпты қарау – жай ғана сән үрдісі емес, баянды болашаққа байсалды қадам.

Суреттер ашық дереккөзден

Оқу орындарында

«Сағынов оқуларының» салмағы

Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Білім, ғылым және өндіріс интеграциясы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Шара шымдылығын ашқан Қарағанды техникалық университетінің ректоры Сәуле Сағынтаева қатысушыларға сәттілік тіледі.



– Ғылым және өндірісті интеграциялау тақырыбына арналған «XVI Сағынов оқулары» – жаңа білімге, жаңалықтарға және дамуға апаратын маңызды кезең. Ғылым шабытпен кездесетін жер болғандықтан, бұл конференция идеялармен бөлісу, соңғы ғылыми жетістіктерді ұсынуға және әртүрлі салалар арасында жемісті байланыстар орнатуға арналған бірегей алаң. Зерттеулеріңіз, идеяларыңыз бен тәжірибелеріңіз болашақ ғимаратты құрайтын кірпіш.

Баршаныңға жемісті жұмыс, қызықты пікірталастар мен жаңа ғылыми жаңалықтар тілеймін. Әрқайсыңыз осы жерден шабыт пен жетістіктерге қолдау таба беріңіздер. «XVI Сағынов оқулары» қатысушылардың жүрегінде із қалдырып, ғылым мен білім әлеміне жол ашатынына сенімдімін, – деді ҚарТУ-дің ректоры Сәуле Сағынтаева. Пленарлық отырыс «Ғылым мен білім синергиясы: жоғары білім мен тұрақты дамудың жаңа көкжиектері» және «Өнеркәсіптегі инновациялар: заманауи талаптар мен перспективалар» атты екі бөлімнен тұрды. Конференцияда Ұлттық тау-кен ғылым академиясының президенті Нұрлан Рыспанов Көкшетау университетінің «Тау-кен құрылысы және экология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Динара Сүйіндіқованы «Ұлттық тау-кен ғылымдары академиясының кеңесшісі» дипломымен марапаттады.

Ал, Қарағанды техникалық университетінің «Пайдалы қазбалар мен кен орындарын игеру» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты Ибатолла Арыстан «Тау-кен ғылымдары Ұлттық академиясының корреспондент мүшесі» ретінде сайланды.

Сондай-ақ, Қарағанды техникалық университетінің Пайдалы қазбалар мен кен орындарын игеру кафедрасының профессоры, Қарағанды филиалының директоры Исабек Көпейұлы тау-кен ғылымының дамуындағы үлкен жемісі үшін марапатталды.


– «Сағынов оқуларында» ғалымдарды, басқа елдердегі серіктестеріміз бен әріптестерімізді шақырып, ғылымда болып жатқан соңғы жаңалықтарды талқыладық. Біліктілік, геология, тау-кен саласы бойынша мәселелерді қарастырып, нәтижелуе – конференцияны ұйымдастырудағы мақсатымыздың бірі, – деді Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры Әсет Рақишев.

Ғалымдар жиында көпшілікке жаңа идеялар мен мәселелердің шешімін табуға жол ашатын ұсыныстар айтты. Сондай-ақ, электрондық жабдықтарды цифрландыру жөнінде бірнеше тақырыптар қозғады.

Ақнұр МАРАТ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің II курс студенті

Еске алу

Егіндібұлақ селосының тұрғыны, әкеміз Өміртай Зейноллаұлы АРИНОВТІ сағына еске аламыз. Ақкөңіл, жаны жайсаң адам еді. Әкеміздің артында жары және екі қыз баласы қалдық. Кабірі жарық, топырағы мамық болсын дейміз.



30 жыл өтті асқар тауымыз құлағалы, 30 жыл өтті анам еске алып жылағалы. Әр күніміз сағынышпен өткенімнен Жүрегіміз әке деп соғайды әлі. 30 жыл өтті біз де болдық балалы, Суретіңе атам ғой, – деп қарады... Жұмбағы мен сырлары көп дүние-ай Өзегімді өртеп, бөліп барады.

Еске алушылар: жары – Шынар және қыздары мен күйеу балалары.

№211

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 2,865 % участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул. Сатыбалдина, д. 29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739

№137

Advertisement for tires and services. Includes text: «Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР», «Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ», «Росава» ЖАҚ, «Матадор» ЖАҚ. Also features an image of a bull logo.

Өңірлерді дамыту

«Жайлы мектеп» – жаңа мүмкіндік

Мемлекет басшысының жайлы мектептер салу жөніндегі іргі бастамасы жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Заманауи талапқа сай білім ордасы Балқаш қаласында салынып жатыр. Жоспар бойынша оқу жылының басына дейін аяқталуы тиіс.



Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Шағын шаһарда 17 білім беру мекемесі болса, олардың қатарына алдағы оқу жылында тағы бір мектеп қосылады. Бұл ұлттық жоба аясында 8-ші шағынауданда 900 орынға арналған «Жайлы мектеп» салынып жатыр. Көпшілік күткен мектептің құрылысы аяқталуға жақын. Мектеп жасын-

дағы балалардың санына байланысты есептелген білім ұясының құрылысын көзбен көріп танысып қайттық. Жұмыс ауқымы үлкен болғандықтан, мердігер бар күшін салуда. Мектептің сол жақ және ортаңғы блогы тұрғызылып, төбесі жабылған. Сылақ жұмыстары жүргізілуде. Оң жақ блогтың іргетасы біткен, қабырғаларын қалау басталыпты.

«Самұрық Қазына» АҚ Қарағанды облыстық филиалының тапсырысымен салынып жатқан мектеп құрылысының мердігері – «Балқаш Жібек Жолы» ЖШС. Жоба құны – 5 млрд. теңге.

Жайлы мектептің басты ерекшелігі – оқушыларға қазіргі заман талабына сай барлық жағдай жасалмақ. Бастауыш, орта және жоғары сыныптардың әрқайсысына жеке спорт зал, асхана салы-

нады. Жиһаздар «Жайлы мектептерге» арналған арнайы зауыттан алынбақ. Аты айтып тұрғандай, оқушының жайлы ортада білім алуына барлық жағдай қарастырылатын болады.

Мектептегі құрылыс жұмыстарының барысымен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев сәуір айының соңында жасаған жұмыс сапары кезінде танысқан болатын. Сол жолы мердігерлердің алдында жайлы мектеп құрылысын бірінші қыркүйекке дейін аяқтау міндеті тұр деп атап көрсеткен еді.

Айта кетейік, бүгінде облыста жаңадан ашылатын мектептер болсын, қазіргі мектептер болсын педагогтермен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүріп жатыр.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

ӨZEKTІ

«Ойын» опық жегізеді

Атырауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен үшінші рет Ұлттық Құрылтай өткені мәлім. Құрылтай мүшелері ұсыныстары мен бастамаларын ортаға салып, өз ойларымен бөлісті. Негізгі мәселелер мен шешімдер осы Құрылтайда айтылды. Президент Үкіметке құмар ойындар мен нашақорлыққа қарсы күреске қатысты кешенді жоспар қабылдауды тапсырды.

«Кейбір мәліметтерге қарасақ, 400 мыңға жуық азамат – букмекерлік кеңселер мен казинолардың тұрақты клиенті. Бұл – тұтас бір қаланың халық санына парапар көрсеткіші. Шын мәнінде, лудомания – бейбіт күнде елдің шырын бұзып жатқан қатер. Соның кесірінен талай отбасының шырқы бұзылды. Талай азамат заң бұзып, қылмысқа ұрынды. Құмар ойын үшін қарызға батып, өзіне қол жұмсаған жастардың көрсеткіші күн сайын артауда. Бұл дерт жас ұрпаққа өте үлкен зиян келтіреді. Онлайн-ойындар балалардың күнделікті ермегіне айналды. 4 мыңнан астам сайтты бұғаттап үлгердік. Біз нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресу үшін кешенді жоспар қабылдадық. Үкімет лудоманиямен күрес-

ке қатысты дәл сондай жоспар қабылдауы керек. Құмарпаздыққа заң жүзінде шектеу қою қажет. «AMANAT» партиясы фракциясының бастамасымен осы мәселе бойынша тиісті заң жобасы әзірленді. Парламентте қаралып жатқан сол жобаны осы сессияның соңына дейін қабылдау қажет. Біз жастардың құмар ойынға салынып, арзан табысқа ұмтылуына жол бермеуіміз керек. Адал еңбекпен тапқан табыс қана берекелі болады», – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазіргі таңда елімізде құмар ойындарынан келетін қауіп-қатер үлкен мәселеге айналып отыр. Құмар ойын күннен-күнге түрленіп,

қоғамға келтіретін зияны ұлғайып барады. Жеңіл жолмен табыс табуға үйренген адам әртүрлі киындықтарға тап болып, қоршаған ортадан біртіндеп ажырап, өзгелермен байланыс орнату, даму секілді адами қасиеттерінен айырыла бастайды. Мұндай ойын адам баласын өз-өзіне қол жұмсау, бір-бірін өлтіру, ажырасу, ұрлық-қарлық, зорлық-зомбылық, қарызға бату секілді жағдайларға жеткізуде.

Психологтардың айтуынша, 17-38 жас аралығындағы азаматтар құмар ойынға жиі әуес келеді. Дәл осы жастағы азаматтар елдің өсіп-өркендеуіне қосатын үлесі жоғары екенін ескерсек, бұл қоғам үшін қауіпті жағдай.

Мамандар ойынқұмарлықтың нашақорлық пен алкогольге тәуелділіктен де зиян екенін ескертеді. Себебі құмар ойынға салынған адам жеңілген сайын депрессияға ұшырап, жүйкесі жұқара бастайды. Тіпті, есінен адасып, қылмыстық жағдайларға барып жатады. Осы мәселені тудыртпау үшін жауапты мамандар ойын құмарларға республикалық арнайы орталықтарға жүгініп, қауіптен тегін арылуға кеңес береді. Медицина мамандары құмар ойын тәуелділігінен арылу емделушінің ерік-жігеріне тікелей байланысты дейді.

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев үшінші Ұлттық Құрылтайда «Біз мынадай бес кеселмен бүкіл ел

болып күресіп, біржолата тосқауыл қоюымыз керек» деді. Сол бір кеселдің бірі – нашақорлық.

«Алдымен, есірткі саудасы, соның ішінде, синтетикалық есірткі айналымы. Өкінішке қарай, бұл індет жаппай белең алып барады. Тек былтырдың өзінде есірткіге қатысты 7,5 мыңнан астам қылмыс анықталды. Заңсыз айналымнан 41 тонна есірткі алынды», – деп ақпарат берген болатын.

Нашақорлық та қоғамның ең ауқымды мәселесіне айналып отыр. Есірткілерді тұтыну психикалық және тәндік тәуелділікке, адам тұлғасының кейде азғындауға дейін өзгеруіне, денсаулығының нашарлауына әкеліп соғады және өміріне қауіп төндіреді.

Ашық дерекке сүйенсек, биыл Қарағанды облысында заңсыз айналымнан 185 кг түрлі есірткі заттары тәркіленді, 65 сайт пен аккаунт бұғатталды, олар арқылы есірткі таратылып, жарнамаланған болатын. Президенттің бұйрығы бойынша Қазақстанда 2024-2026 жылдарға арналған заңсыз құмар ойын бизнесімен және күрес жұмыстарына бағытталған кешенді жоспар қабылдау жоспарлануда.

Гүлім ҚҰДАЙБЕРГЕН, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті филология факультетінің II курс студенті

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fin.kar@minfin.gov.kz

Advertisement for electronic mail services. Includes text: «Электрондық пошта: ortalik.kaz@mail.ru» and an image of an envelope with an @ symbol.

Advertisement for a hotline. Includes text: «Жарнама бөлімінің байланыс телефоны 43-21-55»



Сурет шыныгерлерден



Маэстро есімі ескерілсе...

Сыдық Мұхамеджанов – композитор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, КСРО Халық әртісі. Ол Қарағанды облысы, Шет ауданына қарасты Үлкенбұлақ ауылында дүниеге келген. Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясын профессор Е.Брусиловский дәрісханасынан оқып бітірген.



Сыдық Мұхамеджанов консерваторияны бітірмей-ақ талай шығармалар жазды: скрипка мен фортепианоға арналған соната, кобызға, фортепианоға арналған пьесалар, хорлар, драмалы қойылымдарға музыка, әндер мен романстар. Композитордың қазақ халық оркестріне арнап жазған музыкасы мен осы ұжыммен тығыз шығармашылық байланысы ұлттық музыка өнерімізді биік деңгейге көтерген еді. Оркестрге арналған «Балқадіш» әніне вариациялар, «Қыз қуу» симфониялық суреттемесін және «Домбыра туралы баллада» поэмасын жазды. Сонымен қатар, осы кезеңдегі тамаша шығармаларының бірі – «Шаттық Отаны» атты симфониялық поэмасы. Бұл туынды жастар мен студенттердің Бухаресте өткен Бүкіләлемдік фестивалінде орындалып, Қазақ КСР-інің Жамбыл атындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Бұл шығарма Сыдық Мұхамеджановтың есімін тыңдаушы қауымға әйгілі етті. Композитор шығармаларындағы негізгі көркемдік ерекшелік – ұлттық музыка тәң үнділігі байқалады.

1950-1960 жылдары Сыдық Мұхамеджановтың шығармалары тыңдаушы қауымды ерекше баурап, ел арасына атағы жайыла түсті. Оқып жүрген кезінен тың жанрларды меңгерген композитор ірі-ірі шығармалар жазуға кіріседі. 1964 жылы туған «Айсұлу» операсы Қазақстанның опера өнерінің дамуындағы маңызды оқиға болды. 1960 жылы вокалды-симфониялық жанрда жазылған ірі ту-

ындысы «Ғасырлар үні» ораториясының құрамына – дауыстар, аралас хор және симфониялық оркестр кіреді. Оратория сегіз бөлімнен тұрады. Мұнда қазақ халқының өмір тарихын, негізгі тарихи оқиғаларды және ұлттық бейнелерді суреттейді. Бұл – қазақ симфония өнеріндегі үлкен құбылыс аталды және ұлттық музыка тарихындағы алғашқы оратория. Туындыда халық атынан түрлі оқиғалар баяндалып, ғасырлар үні тәрізді лейтмотив өтеді. 1980 жылдары Сыдық Мұхамеджанов аспаптық жанрға да көп көңіл бөледі. 1982-1984 жылдары композитор үш симфониясын түрлі оқиғалар баяндалып, ғасырлар үні тәрізді лейтмотив өтеді. 1980 жылдары Сыдық Мұхамеджанов аспаптық жанрға да көп көңіл бөледі. 1982-1984 жылдары композитор үш симфониясын түрлі оқиғалар баяндалып, ғасырлар үні тәрізді лейтмотив өтеді. 1980 жылдары Сыдық Мұхамеджанов аспаптық жанрға да көп көңіл бөледі. 1982-1984 жылдары композитор үш симфониясын түрлі оқиғалар баяндалып, ғасырлар үні тәрізді лейтмотив өтеді.

Сыдық Мұхамеджанов қазақтың халық аспаптар оркестріне арнап, талай музыка жазған. Атап айтсақ, «Дархан дала» симфониялық күйі, домбыраға арналған концерт пен кобызға арналған концерт. Симфониялық музыкадағыдай мұнда да композиторға тән бейнелік және музыканы мәнерлеу тәсілдері ерекшеліктері сақталған. Көріп отырғанымыздай, Сыдық Мұхамеджанов қазақтың ұлттық аспаптары – домбыра мен кобызға арнап жазған концерттері арқылы қос аспаптық шекарасын кеңейтіп, әлемдік музыка жанрының бөлінісін бір бөлшегіне айналдырып, ерен еңбек сіңірді.

Композитордың шығармашылығы барлық негізгі жанрларды қамтиды. Ол қазақ музыка тарихына айтарлықтай үлесін қосты. Оның дарыны көркем шығармаларының әуезділігімен, кейіпкер бейнелерінің нақтылығымен бүкіл шығармашылығы толық гүлденіп ашылған лирикасынан байқалады.

Қазіргі таңда Сыдық Мұхамеджановтың шығармаларын Қазақстан музыка ұжымдары үзбей орындап келеді. Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің қос академиялық оркестрлерінің репертуарынан да нық орын алған, концерттерде жиі ойналып жүр.

Сөзімізді қорыта келе, Қарағанды өңірінен шыққан кәсіби композитор, қазақтың профессионалды музыкасының жазба дәстүрінде ұлттық классикалық стильдің дамуына жол салған, айтарлықтай үлесін қосып, еліміздің композиторлар мектебінің негізін қалаушылардың бірі Сыдық Мұхамеджановтың 100 жылдығына орай Қарағандының музыка мектептері мен өнер ұжымдарының біріне есімін беру жайлы ұсыныс білдіреміз. Музыка мектептерінде музыка жанрының барлық түрі, бар аспап орындаушылары кәсіби түрде дайындалып, оқылатындықтан ұлы композитордың есімі берілуі негізді деп айта аламыз.

Марал НҮРТӨЛЕУОВА,
Қ.Байжанов атындағы
концерттік бірлестіктің
редакторы, өнертанушы

• КӨРМЕ

Дарынды балаға демеуші керек

Қарағанды қаласының 90 жылдығына орай №4 мектеп-интернатында «Кенші қала келбеті» атты өнер туындыларын насихаттауға арналған көрме өтті.

Бастама тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қарағанды қаласының сәулетті ғимараттарының макетін жасаудан басталды. Бұл 2021 жыл еді. Сол уақытта әрбір сыныпқа тәрбиеші бекітіліп, оқушылар макеттер тарихымен танысқан болатын. Еңбек пәнінің мұғалімдері макет жасауды қолға алып, мектеп басшылығымен бірге демеушілер қарастырды.

– Көрмеге Қарағандының 90 жылдығына арналған 8 макет ұсындық. Олар – «Тәуелсіздік мұнарасы», «Достық үйі», «Көк байрақ», «Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театры», «Г.Головкин атындағы Дене шынықтыру-сауықтыру кешені», «Қарағанды арена», «Әнет баба мешіті». Осылайша тәуелсіздікке дейінгі салынған ғимараттардың макетін жасадық. Жобада көлемдісі әрі маңыздысы – «Әнет баба» мешіті.

Біз үшін балалардың қауіпсіздігі бірінші орында. Сондықтан, макеттерге материал ретінде пластик, түрлі-түсті қағаздар, органикалық шыны, пластикалық құбыр және арнайы 201 желімін қолдандық. Жасап жатқан макеттердің көлеміне қарай қаражат кетеді. Сол себепті кейбір макеттердің көлемі шағын. Қаражатпен бізге қол ұшын созған



жеке кәсіпкерлер бар. Балаларға макетті жасау арқылы күш береміз. Ынталандыруға баса назар аударамыз. Психологиясы ауытқыған балаларға да көңіл бөлу керек. Олар осыны жасау, көру арқылы өз ойларын айтады. Мұның өзі біз үшін жақсы көрсеткіш. Әрбір баланың өзіндік ойын, тұлғасын қалыптастыру, өмірге деген құштарлығын арттыру – басты міндет, – деді №4

мектеп-интернатының еңбек пәні мұғалімі Төлеубек Алиев.

Балалардың ынтасын, даму қабілетін арттыруда түрлі еңбек құралдарының әсері мол. Түстерді тану арқылы, белгілі бір пішіндерді жасату – ойлау қабілетінің жақсаруына ықпал етеді. Сонымен қатар, іс-шарада Ә.Бөкейхан ауданының әлеуметтік сала бойынша әкім орынбасары Алмағұл Есембаева, мәдениет саласының маманы, қоғам белсендісі Эльмира Сайлауқызы сынды мәдениет жанапшылары балалар туындысына куә болды.

Аружан СЕРІКБАЙ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университеті
журналистика бөлімінің
II курс студенті
Сурет ұйымдастырушылардан

• БАЙҚАУ

Абай елінен жеңіспен оралды

Қарағандыдағы №61 мектептің оқушылары Семейде өткен XXV Абай оқуларының республикалық кезеңінен жүлделі оралды.

Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқауда «Абайдың ақын шәкірттерінің шығармалары» аталымында №61 мектептің 9-сынып оқушысы Нұрғасыр Изат І орын иеленіп, алтын медаль жеңіп алды. Ал, «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» аталымындағы II орын 8-сынып оқушысы Нұрайым Тағыршыға бұйырды. Жас дарынға күміс медаль және ұялы телефон табысталады.

Аталған мектептің 10-сынып оқушысы Алина Наурызбаева «Сөз өнеріндегі ұлы Абай бейнесі» ата-



лымындағы ерекше жетістігі үшін 50 мың теңгелік ақшалай сыйлықпен және арнайы дипломмен марапатталды.

– Байқау тартысты өтті. Ұлы Абай мұрасын дәріптеуде оқушылар алдына жан салмады. Тұлға

өнегесін ұлықтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа ұлықтау – біздің парызымыз. Оқушылардың белсенділігін арттыруға арналған мұндай шаралар алдағы уақытта да жиі ұйымдастырылғаны жақсы, – дейді оқушылардың жетекшісі Дидар Төркекелдина.

• БОКС

Жас боксшылар бәсекесі

Қаламызда ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Балқаш қалалық спорт клубының» іргетасын қалаған, бокстан КСРО спорт шебері, Балқаш қаласы бокс федерациясының тұңғыш Президенті, спорт ардагері Тілеугерей Маканалинді еске алуға арналған дәстүрлі халықаралық турнир өтті. Жасөспірімдер арасындағы түрлі салмақ санаты бойынша өткізіліп, бес күнге созылған бокс додасына Өзбекстан, Тәжікстан және Қазақстан құрамасы мен Қазақстанның түпкір-түпкірінен келген жасөспірімдер қатысты.

Нүрде КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ашылу рәсімінен кейін ширек финалға шыққандар күш сынасып, бұл сынан сүрінбегендер жартылай финалға шыққан және үшінші орынға табан тіреген боксшылар қызу тартысты. Әр сайыс 3 раунд, 2 минутқа созылды. Қызыл бұрыш пен көк бұрышта түрлі салмақтағы жасөспірімдер бар шеберлігін салып сайысты. Қарсыластар да аянбады. Байрақты бәсеке жас таланттарды анықтап, болашақ чемпиондарды дайындауға және боксшылардың өзара тәжірибе алмасып, шеберлік шыңдауына керемет мүмкіндік болды. Халықаралық дәрежедегі бапкерлер турнирдің әділ өтіп жатқанын, ұйымдастыру деңгейі көңілден шыққанын айтты.

Байқағанымыздай, шешуші жекпе-

жекте қарсыласынан басым түскен Арнұр Ақбай жарысқа жоғары дайындықпен келгендігін көрсетті. 16 жастағы боксшы – Алматы облысы, Жамбыл ауданының тумасы.

– Бұл жарыстың бізге беретін тәжірибесі мол. Мұнда осал спортшылар келмейді. Ең бірінші айналымда Өзбекстан елінің спортшысымен шықтым. Ол кездесу маған өте қиын болды. Екінші күні Шығыс Қазақстанның спортшысымен шаршы алаңға шықтым. Ол да тәжірибелі спортшы. Жақсы нәтиже көрсетіп, жарыстарда топ жарып жүрген боксшы. Ал, финалдық кездесуде Түркістан облысының спортшысымен кездестім. Оған осыдан екі ай бұрын жарыста есе жіберіп қойған едім. Бірақ, осы жолы айым оңынан туып, алдыңғы жарыста кеткен есені қайтардым. Балқаш қаласына бірінші рет келіп



тұрмын. Ұйымдастырушыларға алғысым шексіз, – дейді жас боксшы Арнұр Ақбай.

Былғары қолғап шеберлері 13 түрлі салмақта жұдырықтасып, 46-дан бастап, 80 келден жоғары салмақ дәрежесінде сығна түсті. Жарыс қорытындысында, Алматы облысынан Едіге Қартабай, Әділ

Асканбай, Даниял Шалқарбай мен Уәлихан Қайратұлы чемпион атанды. Түркістан облысынан Диас Саидкәрім мен Ерасыл Мейрамхан, Қарағанды облысынан Бекзат Сырымбетов пен Нұрсұлтан Қыстаубай жеңіс тұғырына көтерілді. Қарсыластарынан басым түскен Ақтобе

облысынан Нұрбақыт Жәнібеков, Шығыс Қазақстан облысынан Тимур Ерболұлы және Алматы облысының спортшысы Арнұр Ақбай турнирде жеңімпаз болды. Сонымен қатар, көрші Өзбекстан елінен Мухаммадали Акрамов чемпион болса, Қостанай облысының спортшысы Азамат Әбдірешов те мықтылық танытып, жеңіс туын желбіретті. Сондай-ақ, «Үздік боксшы» арнайы белбеуі Бекзат Сырымбетовқа табысталды. Нұрбақыт Жәнібек «Үздік техникалық қатысушы», Қарағанды облысынан келген Әліби Төлеу «Жеңіске деген жігері үшін» номинацияларымен марапатталды.

Айта кетейік, бокстан КСРО спорт шебері Тілеугерей Исламұлы Балқаштың спорт саласын дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Еңбегі еленіп, «Құрметті спорт қызметкері» төсбелгісімен, бірнеше мәрте мемлекеттік органдардың Алғыс хатымен де марапатталған. Ұйымдастырушылардың мәлімдеуінше, спорт ардагері Тілеугерей Маканалинді еске алуға арналған бокстан жасөспірімдер арасындағы халықаралық турнир келер жылы да жалғасын таппақ.

БАЛҚАШ
Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сенбілі, бейсенбі, сені күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 5 008

№ 66 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жан АМАНТАЙ**